



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«МӘНГІЛІК ЕЛ» БОЛУ – КЕЙІНГІ ҰРПАҚ МИССИЯСЫ



Nur Otan партиясының 23 қарашадағы кеңейтілген отырысын Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында өз жұмысының қорытындысын жариялауы деп қабылдаған жөн шығар. Оны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөйлеген сөзінен де аңғару қиын емес. Жүйесіз реформалар халықтың демократияға деген сенімін жоғалтып, түрлі шиеленістер тудырған және территориядан айырған жағдайлардың тарихта аз еместігін еске түсірген партия жетекшісі: «Қазақстан өз Тәуелсіздігінің төртінші онжылдығына кіреді. Бұл – үлкен өзгерістер, күрделі және тағдырлы шешімдер дәуірі.

(Соңы 3-бетте)

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Баспасөз – 2022



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемида» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»
жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ «Юридическая газета»
жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✓ «Заң» журналы – 75849
✓ «Фемида» – 75858

Байланыс телефоны: 8 701 276 8989

zanreklama@mail.ru

БАЗЫНА

МҰҒАЛІМ, МӨРТЕБЕҢЕ ЛАЙЫҚ БОЛ!

«АЛТЫ АЛАШТЫҢ БАЛАСЫ ҚОСЫЛСА, ТӨР – МҰҒАЛІМДІКІ». МҰНЫ ӨТКЕН ҒАСЫРДА АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АЙТЫП КЕТКЕН. ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕП, БІЛІМ БЕРЕТІН ҰСТАЗДАРҒА КЕЗ КЕЛГЕН САЛА ӨКІЛДЕРІ БАС ИІП, ҚҰРМЕТ КӨРСЕТЕДІ. «ПЕДАГОГ МӨРТЕБЕСІ ТУРАЛЫ» ЗАҢДА МҰҒАЛІМНІҢ МЕРЕЙІН ӨСІРІП, МӨРТЕБЕСІН КӨТЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. АЛАЙДА МҰҒАЛІМДЕР ХАЛЫҚҚА, ӘСІРЕСЕ, ОҚУШЫЛАРҒА ҮЛГІ БОЛЫП ЖҮР МЕ? ЖОҚ. ҰСТАЗ ДЕГЕН ҰЛЫ ЕСІМГЕ КІР КЕЛТІРІП, АБЫРОЙЫН АЙРАНДАЙ ТӨГІП ЖҮРГЕНДЕР АЗ ЕМЕС.

Сөзіме дәлел болу үшін бір ғана мысал айта кетейін. Биыл 2 қыркүйек күні Қазталов аудандық соты ауылдағы мектептің мұғалімі Болат Мұсағалиевтің (аты-жөні өзгертілді) ісін қарады. Ол 1976 жылы дүниеге келген, жоғары білімді, жанұялы азамат. Былтыр 22 желтоқсанда масаң күйде көлік жүргізгені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 15 тәулікке қамалған. Сондай-ақ жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылған. Алайда жаза мұғалімнің шекасіне тимей, ол екінші мәрте масаң күйде көлік тізгінінен қолға түсті.

(Соңы 5-бетте)

МӘСЕЛЕ

МАМАНДАР БІЛІМІ СҰРАНЫСҚА САЙ ЕМЕС

Жоғары оқу орындарын бітірген заңгерлер саны сұраныстан әлдеқайда көп болса да, білікті маман табу қиын. Жекеменшік оқу орындарында ашылған заң кафедралары мен факультеттері бұл қажеттілікті өтей алмауда. Онда білім алушылар үшін де мамандығы бойынша жұмыс істеу маңызды болмай тұр. Көбі заңгерлік дипломды бір қажетке жарар деген оймен алады. Жуырда өткен ҚР Президенті жанындағы Адам құқы бойынша комиссияның сарапшылық кеңес отырысында осы мәселе қозғалып, Қазақстанда білікті заңгерлерді дайындау, қайта дайындау жайы талқыланды.

Жиында сөз алған Сараптамалық комиссия төрағасы Сергей Ударшев сапалы заңгерлік диплом алған түлектің заманауи талаптар ауысып отыратын бүгінгі жағдайда жұмыс істеуге әзір, шығармашылық жұмысқа қабілетті, жауапты, әрдайым

кәсіби тұрғыда өзін дамытып отыруға ынталы, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие, жаңа жағдайға бейімделуге икемді болуы керек екенін атап өтті.

Ал, профессор Марат Сәрсембаев қазіргі заң-

герлік білім тәжірибеге бағытталуы керектігіне назар аударғты. Осы ретте ол бірнеше ұсынысын ортаға салды. Сәрсембаев мырзаның айтуынша, біріншіден, ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттар мен докторанттарға құқық қорғау және құқық қолдану органдарында 0,25 және 0,5 пайыз жүктемемен жұмыс істеуге рұқсат етіп, ведомствоны оларға көмек көрсетуге міндеттеу қажет.

АҚШ-тың «sabático» тәжірибесі бойынша, педагог әрбір алты жыл сайын шығармашылық демалысқа шығып тұрғаны ләзім. Шығармашылық демалысының соңында өз студенттері үшін оқыту бағдарламасын дайындайды.

(Соңы 5-бетте)

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУДЫҢ КІЛТІ НЕДЕ?

ОЙТАЛҚЫ

Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы:

– Бәсекеге қабілетті болу деген мақтан емес. Ол үлкен жұмысты қажет ететін күрделі, кешенді үдеріс. Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – мемлекеттің экономикасын, әлеуметтік саласын, мәдениетін, ғылымын, өнерін дамыту. «Ол үшін не істеу керек?» деген сұрақ туады ғой.

Бірінші, кедейшілікпен күресу керек. Халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту керек. Бәсекеге қабілеттіліктің іргетасы осы. Егер мемлекет халқына қамқорлық жасамаса, ешқандай да бәсекеге қабілетті болмайды. Мемлекеттіліктің ең басты бір белгісі – ол халықтың қарнының тоқтығы, көйлегінің көктігі. Ал материалдық қажеттіліктің негізі азық-түлік қауіпсіздігінде алғашқы кезекте. Қарны аш халық бәсекеге қабілетті мемлекет жасай алмайды. Оны құр айтып қана қоймай, шынайы іске асыруымыз керек. Азық-түлік қауіпсіздігінің негізі – жыл сайын өндірген өнімді сақтап, оны дұрыстап сата білу.

Білік партиясында төрағаның Бәзгеруі елдің даму бағдарламасына әсер ете ме? Мемлекеттің бәсеке қабілеттілігін арттыруда тұғыр болар басымдық не болуы мүмкін? Осы және өзге де мәселелер бойынша сарапшылар пікірін білген едік.

Айдос САРЫМ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Менің ойымша, Елбасының Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында айтқан сөздері саяси, философиялық доктрина іспетті дүние деп айтуға болады. Оны тәуелсіздік алғаннан бергі айтып келе жатқан ойларының жиынтығы іспетті, өсиетнама тұрғысынан қабылдау керек. Бәрі бірінен-бірі туындайтын, бірін-бірі толықтыратын дүниелер.

Тәуелсіздік, бірлік пен келісім, жер, отбасы мен салт-дәстүр; ұлттық мәдениет, білім мен еңбек, прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың сатылары. Мысалы, өткен жылы Қазақстан бала туу көрсеткіші жағынан рекорд жаңартты. Дүниеге 425 мың бала келді. Келесі жылы 500 мыңға жақындайды деген дерек бар. Пандемия жылдары Қазақстанда 1 млн нәресте дүниеге келді. Олардың көпшілігі қазақ екені тағы да анық нәрсе. Шындап келетін саясат алдағы 25 жыл бойы осы миллион баланың төңірегінде жалғасады. Не істеу керек?

(Соңы 3-бетте)

САРАП

«ЗАҢ АДАМ ПАЙДАСЫНА ЖАЗЫЛАДЫ»

«Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты», – деген екен қазақтың біртуар ұлы, жазушы Шерхан Мұртаза. Расында да, заңы мықты елдің дамуы тез, қауіпсіздігі жоғары. Болашағын ойлайтын мемлекеттердің ең алдымен құқықтық мәселелерді шешуге, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың мінсіз механизмін жасауға тырысатыны сондықтан.

Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына биыл 30 жыл. Осы кезеңде жас мемлекеттің қаншалықты өскенін, қандай жетістіктерге қол жеткізгенін біз ғана емес, бүкіл әлем халқы бақылап, көріп отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың осы бір сындарлы сәтте айтқан «Тәуелсіздікті алудан ұстап тұру қиын» деген астарлы сөзі баршамызға азаттықтың рухын ұқтырып қоймай, жауаптылығын да ұғындырған болатын. Ата-бабамыздың ғасырлар бойғы асыл арманы болған тәуелсіздікті тұғырлы ету үшін жас мемлекеттің іргетасы мығым болуы, алғашқы қадамдардың сауатты жасалуы маңызды еді. Осыған орай отандық заңнаманы жетілдіру, күштік құрылымдар мен сот саласының жұмысын жандандыру бағытында ауқымды іс-шаралар қолға алынды. Бүгінде біздің елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етудің барлық қағидалары сақталған. Қазақстандық заңдар да, сот жүйесі де

халықаралық талаптарға толық жауап береді.

Алаш арыстарының бірі Әлихан Бөкейханов кезінде «Заң адам пайдасына жазылады, адам заң үшін тұмайды ғой» деген екен. Сол айтпақшы, біздің заңдарымыз да ең алдымен азаматтардың құқығы мен бостандығын сапалы қорғауға бағытталған. Азаматтар арасындағы құқықтық қатынасты реттеудің кез келген саласы заңнама шеңберінен тыс қалмаған. Сонымен қатар, құқықтық мемлекетте қолға алынған реформалардың, жаңғыртулардың нәтижесінде заңнамалардың жетілдіріліп, толықтырылып отыруы да қалыпты үрдіске айналып үлгерді.

Жаңа заңдар, қолданыстағы заңнамаларға өзгертулер мен толықтырулар жайдан-жай жасалмайды. Бұл – қажеттілік. Заманның өзгеруі, қоғамның дамуы құқықтық құжаттардың да соған сай болуын талап етуде. Соның дәлелі ретінде Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды атауға болады. Осы уақытқа дейін бұл кодекс те бірнеше жаңғыртуды басынан кешірді. Өйткені заман бір орында тұрған жоқ. Қоғам ілгерілеген сайын азаматтардың өмір сүру дағдысы, ұстанымы ғана емес, олар күнделікті бетпе-бет келетін құндылықтар да, заң бұзушылықтар да өзгеше сипат алады. Заң осы өзгерістерге жауап беретіндей, дамуға ілесе алатындай қауқарлы болуы шарт. Құқықтық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар



енгізудегі басты принцип те осыған негізделеді.

Мәселен, 2019 жылғы 30 желтоқсанда қабылданған «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңын алып қарайық. Бұл құжаттың дайындалуына Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы түрткі болған еді. Жолдауда Президент: «Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады. Атап айтқанда, азаматтар өз өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуға тиіс», – деп тапсырған болатын.

Соған орай әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамаға енгізілген өзгерістер де жолдаудағы Президент тапсырмасы басшылыққа алынды. Осылайша жаңа өзгерістерді қарастырған кезде, әкімшілік құқықбұзушылық айыппұлдарының көлемін азайтуға, әкімшілік шараларды төмен жазалауларға алмастыруға,

ескерту түріндегі әкімшілік жазаларды қолдануды кеңейтуге қадам жасалды. Сонымен бірге санкцияларды тек сот тәртібінде берілетін әкімшілік құқықбұзушылықтардың бірқатарын соттың ведомстволық бағыныштылығынан мемлекеттік органдарға беруге, жалпыға ортақ нормативтік-құқықтық қағидаларды бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін әкімшілік құқықбұзушылықтардың құрамын нақтылауға, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істерді қарауды біртіндеп электрондық сипатқа көшіруге, кодекстің құқық қолдану тәжірибесінде анықталған құқықтық кемшіліктер мен қайшылықтарды жоюға басымдық берілді. Бұл өзгерістердің қаншалықты маңызды екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Бұған қоса, өз талап-тілектерінің ескерілгенін білген қарапайым азаматтардың да құзырлы органдарға деген сенімі нығаяры күмәнсіз.

Нұрбол ЕШПАНОВ,
Түркістан қаласының
әкімшілік
құқықбұзушылықтар
жөніндегі
мамандандырылған
сотының төрағасы

БЕЗБЕН

1 шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қолданысқа енгізіліп, Президент Жарғысы негізінде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар ашылды.

ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Жаңа кодекстің қабылдануы әкімшілік сот төрелігін қалыптастыру және әкімшілік іс жүргізуді бөлу үшін құқықтық негіз болды. Әкімшілік соттардың юрисдикциясына жеке сот орындаушыларының, салық, кеден, жер, тұрғын үй, мемлекеттік сатып алу саласындағы шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), мемлекеттік қызметшілердің еңбек даулары бойынша талап қоюына және басқаларына шағымдану талаптары кіреді. Әкімшілік істер әкімшілік актінің шығарылған орны бойынша немесе жауапкердің тұрақты жері бойынша қаралуға жатады.

Электрондық құжат нысанында шығарылған әкімшілік акт талап қоюшының тұрғылықты (орналасқан) жері бойынша қаралады. Әкімшілік органға оның аумақтық бөлімшесінің, филиалының, өкілдігінің қызметінен туындайтын талап қою аумақтық бөлімшенің, филиалдың, өкілдіктің орналасқан жері бойынша беріледі. Егер жауапкер бірнешеу болса, талап қою жауапкердің біреуінің орналасқан жері бойынша берілуі мүмкін. Осы бапқа сәйкес іс соттылығына жататын бірнеше сот арасындағы талап қоюшыға тиесілі болады. Моральдық зиянды өтеу туралы талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатыны заңмен белгіленген.

Тараптар әкімшілік іс сот отырысында талқылауға тағайындалғанға дейін өздерінің арасындағы келісім бойынша осы әкімшілік іс үшін, оның ішінде соттың іс жүргізуіндегі әкімшілік істер бойынша да аумақтық соттылықты өзгерте алады. Әкімшілік актімен, әкімшілік әрекетпен (әрекетсіздікпен) ұштасқан жауапкер келтірген залалды өтеу туралы талапты мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік сот қарайды.

Талап қоюшы бірнеше талап қою талаптарын, егер олар бір жауапкерге қойылса, өзара байланысты болса және оларды қарау бір соттың құзыретіне кірсе, бір талап қоюға біріктіре алады. Жария-құқықтық дауларға қатысты жок және бөлуге жатпайтын талаптар бөліп көрсетілуге және соттылығы бойынша тиісті аудандық (қалалық) сотқа жіберілуге тиіс.

Аталған санаттағы істерді қарау барысында судьяларда төмендегідей мәселелер туындайды. Атап айтсақ, азаматтардың сотқа дейінгі шағым беру тәртібін сақтамауы, заңның қолдану аясының шегін сақтау, соттылығы, басқа да даулы сұрақтары. Сондықтан осындай қиындықтарға дайын болып, тиісті шешім қабылдау үшін судьялар арасында түсіндірулер мен жаңа кодекс нормаларын қолдануда тәжірибелік көмек көрсетіледі.

У.МУХАНГАЛИЕВА,
Қазталов аудандық сотының төрағасы
БАТҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

ІСТІ ҚАРАУДЫҢ АҚЫЛҒА ҚОНЫМДЫ МЕРЗІМІ

Тәуелсіз елдің сот реформасы үнемі даму үстінде. Мемлекеттік билік тармақтарының бірі саналатын сот билігінің дамуы алдымен қоғам үшін, мемлекет үшін маңызды.

Іргелі реформалардың ілкімді бір тобы биыл іске асырылды. Ол – әкімшілік әділет құрылымы. Иә, сот қызметіне серпін берген Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі қолданысқа енді. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттары мен сот алқалары іске кірісті.

Жаңа кодекс бойынша әкімшілік іс талап қою негізінде қозғалады. Талап қою сотқа жазбаша немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қуәландырылған электрондық құжат нысанында беріледі.

Әкімшілік сотқа дау айту туралы, мәжбүрлеу туралы, әрекет жасау туралы және тану туралы талап қоюдың төрт түрі бойынша жүгінуге болады.

Дау айту туралы талап қою бойынша талап қоюшы өзінің құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын, яғни ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің толық немесе оның бір бөлігінің күшін жою талабын қоюға құқылы.

Ал, мәжбүрлеу туралы талап қою бойынша талап қоюшы қабылдануынан бас тартылған не әкімшілік органның, лауазымды адамның әрекетсіздігі себебінен қабылданбаған әкімшілік актінің қабылдануын талап етуі мүмкін. Сонымен қатар, осындай талап қоюда талап қоюшы жауапкердің ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің қабылдауы міндеті туралы талап қоюы мүмкін.

Үшіншіден, әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы белгілі бір әрекеттер жасауды немесе әкімшілік актінің қабылдауға бағытталмаған әрекеттерді жасамауды талап етуі мүмкін. Әрекет жасау туралы талап қою бойынша талап қоюшы заңда белгіленген мерзімде әкімшілік

актінің қабылданбауы салдарынан әкімшілік акт қабылданды деп танылған жағдайда заңда көзделген сол нысана бойынша тиісті құжатты беруді де талап етуі мүмкін.

Соңғысы, тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы қандай да бір құқықтық қатынастың бар немесе жоқ екенін тануды талап етуі мүмкін.

Тану туралы талап қою бойынша талап қоюшы заңды күші жойылған, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актінің заңсыз деп тануды талап етуі мүмкін.

Кодекстің 17-бабында әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі көзделген. Жалпы әкімшілік істердің жекелеген санаттарын қарау және шешу бойынша мерзімдер белгіленген.

Ақылға қонымды мерзімді айқындау кезінде сот әкімшілік істің құқықтық және нақты күрделілігі, әкімшілік процеске қатысушылардың процесстік құқықтарды пайдалану және процесстік міндеттерді орындау дәрежесінен көрінетін мінез-құлқы, соттың әкімшілік істі жедел қарау мақсатында жүзеге асырылатын әрекеттерінің процесстік тұрғыдан жеткіліктілігі мен тиімділігі сияқты мән-жайларды ескереді.

Мысалы, әкімшілік заңнама талаптарына сай дау айту және мәжбүрлеу туралы талап қоюлар сотқа дейінгі тәртіпте шағымды қарайтын жоғары тұрған органның шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімі табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде сотқа берілуі керек.

Егер заңда сотқа дейінгі тәртіп көзделмеген немесе шағымды қарайтын жоғары тұрған орган болмаса, талап қою даулануға жататын әкімшілік акт табыс етілген күннен бастап

немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен назарына жеткізілген кезден бастап бір ай ішінде беріледі.

Әрекет жасау туралы талап қою адамға әрекеттің жасалғаны туралы мәлім болған, сондай-ақ әрекет жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім өткен күннен бастап бір ай ішінде сотқа беріледі.

Тану туралы талап қою сотқа даулы құқықтық қатынас туындаған кезден бастап бес жыл ішінде беріледі.

Сот орындаушысының атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі әрекеттеріне талап қою әрекет жасалған күннен бастап немесе сот орындаушысының әрекет жасау уақыты мен орны туралы хабарланбаған өндіріп алушыға немесе борышкерге ол туралы белгілі болған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сотқа беріледі. Айта кету керек, қазіргі уақытта Маңғыстау өңірінде талап қою арыздарының ішінде мемлекеттік сатып алу саласына қатысты және сот орындаушыларының әрекеттерін даулау бойынша талап қою арыздары көп.

Бүгінде азаматтар да, мемлекеттік органдар да әкімшілік заңнаманың қолданыс аясын түсініп, сотқа жүгіну, істі қарау барысы және бірыңғай сот практикасы қалыпқа түсіп келеді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе аясында дауды қарау принципі өзгерген. Сот азаматтардың сөзін сөйлейді, мемлекеттік орган шешімінің заңды және заңсыздығын дәлелдейді. Сондықтан бұл заң елдегі көптеген маңызды мәселелерді тиімді шешіп, әлеуметтік-экономикалық дамуымызда үлкен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік бермек.

Замира МАХИТОВА,
Мұнайлы аудандық сотының
судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

СПАРТАКИАДА



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

Атырауда Тәуелсіздіктің 30 жылдығы және Судьялар одағының құрылғанына 25 жыл толуына орай облыс соттарының кезекті спартакиадасы өтті. Судьялар мен сот мамандарынан құралған Атырау облысы соттарының командалары волейбол, шахмат, үстел теннисінен сынға түсті.

Шара облыстық сот төрағасы Бауыржан Жұмағұловтың құттықтау сөзімен ашылды. «Облыстың сот корпусы жыл сайын Тәуелсіздік күні қарсаңында спорттық турнир өткізеді. Мұндай іс-шаралар денсаулықты жақсартып қана қоймай, судьялар арасындағы сыйластық пен достық қарым-қатынасты нығайтады. Қатысушыларға жеңіске деген ерік-жігер мен жоғары нәтижелер тілеймін», – деді Б.Жұмағұлов.

Тартысты өткен жарыста волейболдан бірінші жүлдені Атырау облысы бойынша Соттар әкімшісінің командасы алса, екінші орын облыстағы аудандық соттардың құрама командасына, үшінші орын облыстық, қалалық, мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттардың командасына бұйырды. Махамбет аудандық сотының төрағасы А.Досмағамбетова волейболдан «Үздік ойыншы» болып танылды.

Ал шахматтан ерлер арасында Атырау қалалық сотының төрағасы Ж.Жақсылық топ жарса, Атырау қаласының №2 сотының судьясы Ж.Ташимов пен Махамбет аудандық сотының бас маманы Ф.Абдуллин кейінгі орындарды өзара бөлісті. Әйелдер арасындағы шахмат ойынында

Индер аудандық сотының бас маманы А.Диярова бірінші, Атырау қалалық сотының судьясы М.Дүкенбаева екінші, Атырау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Т.Нуримова үшінші орын алды.

Үстел теннисі де қызыққа толы болды. Ерлер арасындағы сайыста Индер аудандық сотының судьясы Ә.Құспанов қарсылас шак келтірмеді. Ал қалған жүлделі орындарды Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының төрағасы Н.Абдулов пен Н.Мақсұт өзара бөлісті. Әйел арасында Атырау қаласы №2 сотының бас маманы Н.Рашитова бірінші, Құрманғазы аудандық сотының кеңсе меңгерушісі С. Мусина екінші, Атырау қалалық сотының судьясы З.Сагинғалиева үшінші орынды иеленді.

Белтемірге тартылу бойынша жарыста Атырау облыстық сотының төрағасы Б.Жұмағұлов жеңімпаз атанды. Ал жерден көтерілуден жүлдені Атырау қалалық сотының судьясы Ж.М.Момыжанов қанжығасына байлады.

Атырау облыстық сотының
баспасөз қызметі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» БОЛУ –
КЕЙІНГІ ҰРПАҚ МИССИЯСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазіргі уақытта біз коронавирустық пандемиямен күресу мүмкін еместігін байқаймыз. Заңды өзгерістер, соның ішінде энергетика технологиялар мен жасыл энергетиканы жедел енгізу себебінен де болып жатыр. Адамның өзі, оның санасы мен құндылықтары, әлем мен болашақ туралы идеялар өзгеруде. Әлем өзгеріп, өзгеру жылдамдығы таңқаларлық. Жақында адамзат бірқатар күрделі сынақтарға тап болатыны анық», – дегенді жайдан-жай айтпағаны анық. Мемлекеттің алдында тұрған міндеттерді санамалап берген Н.Назарбаев «Сынақтарды еңсеріп, бірге жеңеміз!» деген партия ұранын еске салды.

– Nur Otan партиясы билек пен қоғамды біріктіре отырып, бұл мәселемен белсенді түрде айналысуы тиіс.

Мен партияны құрудың бастауында тұрдым, оны осы жылдар бойы басқардым және Nur Otan партиясын ел Президенті басқарса, не маңызды болатынын білемін. Біздің жаһандық мақсатымыз өзгермейді – 2050 жылға дейін Қазақстан әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруге тиіс. Нақты жоспар «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген. Бұл мақсатқа жетудегі ерекше рөл Nur Otan партиясына жүктелген, – деді Ұлт көшбасшысы.

Партияның мемлекеттік бағыттың сабақтастығы мен тұрақтылығының іргетасы болатын өзінің ұзақ мерзімді көшбасшылығын қамтамасыз етуі маңызды екенін айтқан Елбасы бұл үшін партия өз жұмысында ұстануы тиіс 5 негізгі принципті де анықтап берді. Олар: әрдайым уақытпен бірге жүру; әрқашан халықтың мүддесін

басшылыққа алу; айқын мақсаттар мен оларға қол жеткізудің нақты жолдарын айту; мақсаттарға жұдырықтай жұмылған және біртұтас командамен жету; қоғамды бүкіл халық үшін іргелі болып табылатын партия құндылықтарының айналасына топтастыру. Өйткені біріктіруші идея – бұл Қазақстанның гүлденуі мен азаматтардың әл-ауқатын арттыру. Партияның саяси тұғырнамасына енгізілген адам, бостандық, заңның үстемдігі, әділеттілік, ынтымақтастық, болашаққа ұмтылу, отбасы және дәстүрлер деп аталатын 7 құндылық әрбір қазақстандыққа түсінікті және жақын.

«Отыз жылда 9,5 миллионнан астам

сәби дүниеге келді. Олардың алдыңғы шебі орда бұзар отызға толып отыр. Бұл – көзі ашық, көкірегі ояу, санасы азат, ойы озық жаңа буын. Мемлекеттілікті сақтап, Қазақстанды «Мәңгілік Ел» ету осы ұрпаққа жүктелетін тарихи миссия деп санаймын. Осы орайда жаңа дәуірдегі қазақстандықтарға бағдар болатын «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын ұсынамын.

Бұл отыз жылдық белесті елмен бірге өткерген Елбасы ретіндегі менің жас ұрпаққа жолдар үндеуім деп қарайды. Бірінші, Тәуелсіздік – кез келген азамат үшін ең қастерлі құндылық. Екінші, бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры. Үшінші,

жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы. Төртінші, отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын дінгеі. Бесінші, ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі. Алтыншы, білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті. Жетінші, прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі. Елдіктің жеті тұғыры дегеніміз – осы!» деген Елбасының бұл сөзі биліктің саяси құрылымы ретінде Nur Otan партиясына және Үкіметке жүктелетін міндет пен жауапкершілікті еселей түсері анық. Бұл сыннан оның қалай өтері енді алдағы уақыттың еншісіне қалып отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

ЗИРАТ және ЗИЯРАТ
МӘДЕНИЕТІН КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ

Қазақстанда жерлеу және жерлеу ісіне қатысты арнайы заңның қажеттігі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Бұл мәселе Парламент төрінде де бірнеше мәрте көтеріліп, Үкімет басшысының атына депутаттық сауалдар да жолданған болатын.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейтін қағиданы ұстанған халқымыз қайтыс болған адамды ақтық сапарға шығарып салу мен жерлеу ісіне әрдайым ерекше мән береді. Алайда не заң тұрғысынан, не дін тұрғысынан бұл мәселені реттейтін көпшілік мойындаған ортақ шешім болмаған соң, жер-жерде түрлі келеңсіз жағдайлар орын алып жатыр. Мысалы, кейбір жерлерде тұрғындардың «бұл – біздің рудын зираты» деп қайтыс болған адамды басқа рудың өкілі болғаны үшін ғана басқа жерге жерлеуді талап етуі. Ірі мегаполистерде зираттардың жеке қолға өтіп кеткені және онда мәйітті жерлейтін жердің саудалануы сияқты жағдайлар бұқаралық ақпарат құралдарында әлі күнге дейін аз айтылып, жазылып, көрсетіліп жүрген жоқ. Сондықтан Үкіметтен қайран болмаған соң, жұрт Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы биыл мамыр айында «Egemen Qazaqstan» газетінде «Зират және зиярат мәдениеті» деп аталатын мақала жариялағанда елең еткен болатын.

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы имамдардың республикалық IV форумында қабірлерді тұрғызудың және оны зиярат етудің халыққа ортақ әдебін қалыптастыру мақсатында «Зират және зиярат мәдениеті» құжатын қабылдады. Бұл құжатты қабылдаудағы басты себеп – соңғы кездері кейбір аймақтарда орындалып жатқан діни рәсімдердің шаршап талаптарына сәйкес келмейтін өзгерістерге ұшырауы. Атап айтқанда, соңғы уақыттарда қабір басына құлпытас ретінде үлкен ескерткіштер мен зәулім қоршаулар орнатылуда. Қабірге үлкен кесене тұрғызу, қорған орнату сынды мазаратқа қатысты мәселелерде шарнағат талаптарына қайшы, ата-баба дәстүріне де жағ, бүгінгі өркениетке де сәйкес келмейтін әрекеттер көрініс табады. Мұндай келеңсіз жағдайлар ел арасында түсінбеушілік тудырып жатқаны белгілі... «Зират және зиярат мәдениеті» құжа-

тын діни рәсімдердің шарнағатқа сай орындалуын тәртіпке келтіріп, зират тұрғызу мен зиярат жасаудың, кесене салудың жалпыға ортақ бірыңғай мәдениетін қалыптастыру және соны еліміздің барлық өңірлерінде қолдану мақсатында қабылдадық, – деген бас мүфти қабір иелеріне табынбауға, қабір басында әзіл әңгімелер мен әдепсіз әрекеттер жасамауға шақырды. Сондай-ақ еліміздің әр өңіріндегі зират көтерудің, қабірге зиярат жасау мен аруақ құрметтеудің әрқелкі салт-жоралғыларының көрініс тапқанын ескеріп, зират пен зиярат мәдениетінің баршаға ортақ үлгісін барлық аймақта қалыптастыру мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан халыққа діни-салттық қызмет көрсететін «Қамқор-шарапат» орталығын ашу туралы шешім қабылдағандарын айтты. Бүгінде аталған орталықтың әр облыста өз өкілдігі ашылып, халыққа қызмет көрсете бастады. Ондағы мақсат – елімізде зират көтеру, жерлеу, қабірді зиярат ету сынды діни рәсімдерді бір жүйеге келтіру, бұл мәселе бойынша халық арасында түсінбеушілік жағдайды болдырмау екенін айтып, дініміз бен дәстүріміздің барша жанашырларын осынау игі ісіміз бен ізгі бастамамызға қолдау білдіріп, үлес қосуға үндеді.

«Ештен кеш жақсы» дегендей, Сенат депутаты Еділ Мамытбеков қарашаның ортасында Премьер-Министр Асқар Маминнің атына зираттардағы жерлеу және оларды күтіп-ұстау туралы депутаттық сауал қойды. Егер зираттардағы жерлеу және оларды күтіп-ұстау саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу бойынша шұғыл шаралар қабылданбаса, болашақта мүмкін болатын салдармен күрделі проблемалар туындауы мүмкін екенін айтты. 2017 жылы да Сенат депутаты Ольга Перепечина елде зираттардағы жерлеу және оларды күтіп-ұстау мәселелері реттелмегенін атап өтіп, өзінің депутаттық сауалында ол Премьер-Министрден тиісті мемлекеттік органдарға

«Жерлеу және жерлеу ісі туралы» заң жобасын әзірлеуді тапсыруын сұраған. Алайда, осы уақытқа дейін бұл маңызды қоғамдық қатынастар заңмен реттелмеген.

– Ерте ме, кеш пе, оларды құқықтық реттеу үшін шаралар қабылдауға тура келеді. Немесе адам қарым-қатынасының осы саласына байланысты тағы бір қайғылы жағдай болғанша күте тұрамыз ба? Қазақстанда салттық қызмет көрсететін жеке фирмалар пайда бола бастады. Олардың саны бақылау деңгейінің төмендеуіне байланысты қаулап өсуде. Заңның қабылдануы осындай маңызды саланы бақылап қана қоймай, оның қызметтерін азаматтар үшін қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Сарапшылардың пікірінше, жерлеу мәселелерін реттейтін заңнамалық актінің болмауы қылмыстық жерлеу, заңсыз бизнесті жүргізу және тағы басқа сияқты түрлі құқықбұзушылықтарға әкеледі. Бүгінгі таңда жекелеген өңірлерде жерлеу және зираттарды күтіп-бағуды ұйымдастыру қағидалары мәслихаттардың шешімдерімен бекітілді. Біздің еліміздің біртұтастығына қарамастан, ережелер біркелкі емес, жерлеу мәселесі бойынша бірыңғай стандарт жоқ, әр аймақ өз ережелерін өз қалауы бойынша бекітеді. Сонымен қатар, бұл ережелер көбінесе маңызды емес 15-20 мәселені реттейді, – деген Еділ Құламақұдырұлы 2019 жылдың қазан айында Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Саудақент ауылының маңында Созақ көтерілісіне қатысушы және 1928 жылы атылған қоғам қайраткері Байсейіт Әділовтың сүйегі қайта жерленгенін мысал ретінде келтірді.

Қазір кейбір бақуатты тұрғындардың өлген мысығы мен итін де арнайы зираттарда жерлеп, оған құлпытас қойып жатқаны «Қолыңнан келсе, қоныштыңан бас» дегендей боп тұр. Сол себепті «Жерлеу және жерлеу ісі туралы» заңның жобасын әзірлеп, оны жұртшылық талқысына салып, заңнаманы реттеу Үкіметке ғана емес, оны қабылдап, мақұлдайтын Парламент депутаттарына да үлкен сын болғалы тұр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ

Ақтөбеде қаржы пирамидасының төңірегіндегі дау толстар емес. Бұл жолы полиция капитанының басы бөлеге қалды. Ақтөбе қаласы полициясының жедел уәкілі екі досымен бірге «Выгодный займ» қаржы пирамидасын ұйымдастырушылардың бірін қала сыртындағы үйге апарып, салған ақшасын қайтаруды талап еткен.



БОПСАЛАУШЫ –
ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРІ

15 қарашада Ақтөбе қаласының №2 соты полиция капитаны Айдос Сағидуллин мен оның достары Мұрат Жұбанышев пен Азамат Үмбетовке үкім шығарды. Сот материалдарына қарағанда, оқиға 2020 жылы ақпан айында «Выгодный займ» қаржы пирамидасы құлдыраған кезде болған. Пирамида құлағаннан кейін полиция қызметкерлері қаржы пирамидасын ұйымдастырғандарды жаппай тергеу бастайды. Барлығы 17 мыңға жуық қазақстандық «Гарант 24 ломбард» пен «Выгодный займ» қаржы пирамидаларына өздерінің жинақтары мен несиеге алған ақшаларын салып, дымсыз қалды. Салымшылардың арасында полиция капитаны Айдос Сағидуллин мен оның досы Мұрат Жұбанышев та болған. Айдос Сағидуллин күйеу баласы арқылы «Выгодный займ» пирамидасына 1 млн 150 мың теңге, ал Мұрат Жұбанышев 1 млн 500 мың теңге салды. Полиция капитаны пирамиданың ұйымдастырушысын қамауға алынғанша өзі тауып алмақ болады. Сөйтіп, ол қылмыстық істердің электрондық базасының көмегімен тергеуде жүргендердің бірі Эльдар Жансүгіровтің телефон нөмірін табады. Кейін оны наурыз айында «Самара-Шымкент» тас жолында орналасқан «Батыс жер» жанар-жағармай құю бекетіне алдап шақырады. Сол жерде полиция капитаны досымен бірге өздерін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері ретінде танытырып, Эльдар Жансүгіровке өздерімен бірге жүруі керектігін айтады. Оны «Жигули» автокөлігіне отырғызып, Ақшат-2 ауылындағы Азамат Үмбетовтің әкесінің үйіне апарды. Жол бойында жәбірленушінің ұялы телефоны мен банк карточкасын алып алады. Кейін оны тапаншамен қорқытып, автокөлігі мен ақшасын беруді талап еткен. Өз өмірі үшін қорыққан Эльдар Жансүгіров олардың айтқандарын орындауға мәжбүр болады.

Сотталушылардың қылмыстық әрекеттердің нәтижесінде жәбірленушіге 9 млн 621 мың теңге көлемінде материалдық шығын келген. Кейін үйіне оралған ер адам туыстарымен ақылдасып, полицияға арызданған. Мемлекеттік айыптаушы соттан Сағидуллин мен Жұбанышевті адам бопсалағаны үшін кінәлі деп танып, полиция капитанын 7 жылға, ал Жұбанышевті 6 жылға бас бостандығынан айыруды сұрады. Прокурор Азамат Үмбетовті адам бопсалауға көмектескені үшін кінәлі деп танып, оны 5 жылға бас бостандығынан айыруды сұрады. Сотталушылардың адвокаттары оқиға болған күні полиция капитанының қолында тапанша болмағанын айтты. Сол күні оған табельдік қару берілмеген, оның атына қару тіркелмеген әрі жәбірленуші айтқан тапанша табылмаған. Олар сотты сотталушылардың ақшаны қорқытып алмағандарын, бар болғаны өздерінің қаржы пирамидасына салған ақшаларын алуға тырысқандарына сендіруге тырысып бақты. Ал Үмбетовтің бұл істерден мүлдем хабары болмағанын көрінеді. Қорғаушылардың сөзінше, ол бұл уақытта көрші бөлмеде намаз оқып жатқан. Дегенмен сот қос тарапты тыңдап, үкім шығарды.

– Айдос Сағидуллин Қылмыстық кодекстің 194-бабының 3-бөлігі бойынша қылмыстық құқықбұзушылық жасасаңы үшін кінәлі деп танылып, оған 7 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Ол полиция капитаны шенінен айырылды. Ал Мұрат Жұбанышев 6 жыл, Үмбетов 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылды, – деп хабарлады облыстық соттың баспасөз қызметі.

Үкім әлі заңды күшіне енген жоқ.

Жансая ЕСМАҒАНБЕТОВА
АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ

ОЙ ТАЛҚЫ

БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛУДЫҢ КІЛТІ НЕДЕ?

Сайын БОРБАСОВ, саяси ғылымдар докторы:

– Біз сол сақтайтын орындардың тапшылығынан қымбатшылыққа ұрынып отырмыз. Кезінде олар болған. Кеңес үкіметі оны толтыра алмады, біз оларды сақтап қала алмасақта, қазір салып толтыруға мүмкіндігіміз бар. Елбасының Nur Otan партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында айтқан сөздерін ешкім жаман деп айта алмайды. Қазақ «жақсы сөз – жарым ырыс» деп қуанады. Бірақ айту бар да, оны орындау бар ғой. Орындауға келгенде Үкімет те, Президент Аппараты да, Nur Otan партиясы да үлкен бір әрекеттерге бара алмауда. Өйткені мемлекетте жемқорлық, жауапсыздық, заңның орындалмауы бар.

Екіншіден, біз не өндіре алатынымызды, қандай заттан бәсекеге қабілетті екенімізді анықтап алуымыз керек алдымен. Ұшақ жасайтын, көлік жасайтын зауыттың бізге қажеті қанша? Бізге көп ұшақтың қажеті де жоқ. Оны сатып алған қойлайы. Миллиардтаған ақша бөліп, зауыт салудың керекі жоқ. Біз бәрібір онда бәсекеге қабілетті өнім өндіре алмаймыз. Оның орнына ауыл шаруашылығы өнімдерін, жеңіл өнеркәсіп өнімдерін шығарсақ, тиімділігі жоғары болар еді.

Айдос САРЫМ, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Ең алдымен 2-3 жылдан кейін осы баланың барлығы дерлік балабақшаға, ал 6 жылдан кейін мектепке барады. Оларға 1 млн оқулық, 1 млн парта керек, 1 сыныпта 25 баладан аспайды деген күннің өзінде қаншама педагог және олардың сапалы болғаны керек. Мектептен кейін олар университетке барады. Қазір ондағылар бакалавр, магистратура және тағы басқасын қосқанда 600 мыңнан асады. Ал ол кезде бір мезетте 700-800 мың бала қосылады. Яғни 20 жылдан кейін 1 млн жұмыс орнымен қамтамасыз етуіміз керек. Міне, шынайы өмірлік саясат, мемлекеттік саясат, саяси күн тәртібі осы.

Ең бастысы – білім. Қазір жаһандандудың бірнеше жобасы бар. Біріншісі, діни бағытта бір жамағатқа жатсаңдар болды деген. Екіншісі, батыстық үлгідегі жаһанданду. Ұлттық, мемлекеттік құндылықсыз ер мен ердің, әйел мен әйелдің арасындағы некеге рұқсат беріңдер және тағы басқа деген сияқты. Яғни бірінен айрылып қалсақ, басқасынан да айрылып қалатындай әсер туындап жатыр. Сондай жаһанданду заманында өмір сүріп жатырмыз. Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өткен кезде, бізге ойланатын нәрсе де өте көп. Әсіре мақтангершілік көп әлі. Осының бәрі Президент сөзінде бар.

Сауланаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ



Жанар БЕИМБЕТОВА,
Алматы облысының №2 кәсіптік-техникалық училищесінің директоры

туралы мәліметтер көрсетілуі және оған баланың биологиялық ата-аналары мен бала асырап алушылар арасындағы туыстық байланысты растайтын құжаттар (туу туралы куәліктер, тегін ауыстыру туралы құжаттар, туыстық қатынастарды анықтау туралы сот шешімдері және т.б.) қоса берілуі тиіс. Асырап алынатын баланың туыстарына жататын адамдар тобын айқындау кезінде сот жоғарыда аталған кодекстің 1-бабы 1-тармағының 36-тармақшасын басшылыққа алады. Соған сәйкес, үлкен атасы мен үлкен әжесіне дейін ортақ ата-бабалары бар туыстық қатынастағы адамдар туыстар болып табылады. Туыстық байланыстарды растайтын дәлелдемелер болмаған кезде, арыз қанағаттандырылмайды. Мұндай жағдайда бала асырап алуға өзге де кедергілердің жоқтығы заңды маңызға ие болмайды. Арыз берушіге бала асырап алу үшін заңда белгіленген

кезде, бала асырап алудың құқықтық салдарын түсіндіруге міндетті.

– **Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алу, олардың денсаулығын, психикалық жағдайын жақсарту мәселесі заңмен қорғала ма?**

– Қазақстан аумағында тұрақты тұратын жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды өз отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген Қазақстан азаматтарын психологиялық даярлаудың міндетті екені «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 91-бабының 4-тармағында анық жазылған. Осы кодекстің 84-бабының 1-тармағы, 91-бабының 1-тармағына сәйкес кәмелетке толмаған балаларға қатысты бала асырап алушылардың асырап алынатын баланың толық тән саулығы, психикалық, рухани және адамгершілік жағынан дамуын қамтамасыз ету мүмкіндіктері ескеріле отырып, ортақ мүддеге сай асырап алуға жол беріледі. Бала асырап алу кезіндегі балалардың

КИЕ

**ІС ҚАҒАЗДАРЫ
ТОЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ
ЖҮРГІЗІЛЕДІ**

Сот саласында мемлекеттік тілдің қолданысы аясы жыл сайын жақсарып келеді. Судьялар мен сот мамандарының іс-қағаздарын, қылмыстық істерді қазақ тілінде ресімдеп жүргізуі де жолға қойылған.

Сот қызметкері ретінде сот саласындағы тәжірибемде құжаттардың қазақ тілінде жүргізілуіне, ана тіліміздің қолданысы аясын кеңейтуге үнемі көңіл бөлемін. Қазақ тілінің дамуы, болашағы – ұлт болып қалуымыздың бірден-бір белгісі. Сол себепті біз заңдар мен заңнамалық құжаттардың, қызмет барысында қажетті нұсқаулықтардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын да басшылыққа аламыз.

Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты құрылған күнінен бастап іс жүргізуді тек мемлекеттік тілде жүргізуді ұйымдастырып, өз жұмысын жалғастырып келеді. Соның ішінде соттың ішкі құжаттары (өкімдер, жедел отырыс және семинар сабақтарының хаттамалары, соттың ішкі тәртіп ережелері, «Төрелік» ақпараттық жүйесі бағдарламасына енгізілетін мәліметтер, шығыс құжаттары, т.б.) тек мемлекеттік тілде ресімделеді.

Бүгінгі таңда сотқа келіп түскен құжаттардың 61,4 пайызы қазақ тілінде болса, ал шығыс құжаттарының мемлекеттік тілде жіберілуі 100 пайызды құрайды. Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленген бағыт пен мақсатқа және оларды іске асыру тетіктеріне негізделген бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде іс-қағаздары толық қазақ тілінде жүргізілуде.

Тілдерді қолдану мен дамытудың қысқа мерзімдік іс-шаралар жоспары (міндетті түрде әр жартыжылдық сайын жасалады және оның орындалуы қадағаланады).

Семинар сабақтарын мемлекеттік тілде жүргізу, сәйкесінше, семинар сабақтарының хаттамалары қазақ тілінде жасалады. Айналымдағы барлық құжаттарды ресімдеу тек қазақ тілінде жүргізілуде және шығыс құжаттарының 100 пайыз қазақ тілінде жолдануы қатаң бақылауда.

Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында іс жүргізу қазақ тілінде, ал сот процестері азаматтардың арыз беру тіліне сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, сот ісі мен іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізудің құжаттар айналымы бойынша тоқсан сайын мониторинг жүргізіліп, ақпарат Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Соттар әкімшісіне жолданып отырады.

Сот кеңсесінің, жалпы, ішкі хат алмасулары мемлекеттік тілде жүргізіледі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барлығымыз да тіл мәселесіне өз үлесімізді қосудымыз қажет.

Қамажай ОМИРОВА,
Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

**БАЛА АСЫРАП АЛУ
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ КҮШЕЙДІ**

– **Жанар Адайбекқызы, осыдан біраз бұрын елімізде бала асырап алу жауапкершілігін күшейту мәселесі көтерілген еді. Осы тұрғыда заңнамаға қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізілді?**

– Құқықтық мемлекеттің бәрінде заңнамалар уақыт талабына сай толықтыруларға, түзетулерге ұшырайды, оларға әртүрлі өзгерістер енгізіліп те отырады. Таяуда «Соттардың бала асырап алу жөніндегі заңнаманы қолдану практикасы туралы» осыдан бес жыл бұрын қолданысқа енгізілген нормативтік қаулысына баланы асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енгеннен кейін ғана бала асырап алу туралы арыз берген адамның баланың заңды өкілі құқықтарына ие болатынын нақтылаған түзету енгізілді. Бұл ретте «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 1-бабы 1-тармағының 12-тармақшасын назарға алған жөн. Сөз реті келгенде айта кетсем, арыз беруші дегеніміз – қорғаншы немесе қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-ана болып табылады. Екіншіден, осыған дейін бала асырап алу туралы азаматтық істерді қарау барысында арыз берушілер туыстық қатынастарын арыздың мәтінінде ғана көрсететін. Қазіргі таңда, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысына енгізілген өзгерістерге сәйкес, балаларды туыстары асырап алған кезде арызда бала асырап алушылардың балалардың биологиялық ата-аналарымен туыстық байланыста болғаны

рәсімді сақтау қажеттігі туралы түсіндірген жөн.

– **Егер зайыбы бала көтере алмаса, ер-азамат ұрпақ көшін жалғау мақсатында өзге әйелден туылған баласын заңды некедегі зайыбының келісімімен асырап алуына бола ма?**

– Баланы асырап алу кезінде арыз берушінің жұбайының осы балаға қатысты әкелігі анықталса, арызда әке болуын растайтын молекулярлық-генетикалық сараптама-ның қорытындысы қоса берілуі тиіс. Мұндай қорытынды болмаған жағдайда, арыз АПК-нің 148-бабы, 2-тармағы және 268-бабының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты АПК-нің 152-бабы, 1-тармағы, 3- тармақшасына сілтеме жасай отырып, қайтарылады. Сонымен қатар мемлекеттік жеңілдіктер мен артықшылықтарға қол жеткізуге, үкімді орындауды кейінге қалдыруға және бала асырап алуға қатыссыз өзге де артықшылықтарды алу үшін көп балалы ана немесе көп балалы отбасы мәртебесін алу мақсатында бала асырап алу фактілерін болдырмау үшін сот істі сот талқылауына дайындау тәртібімен бала асырап алу уәждерін анықтағаны жөн.

Істі сот талқылауына дайындау кезінде судья баланың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында аталған адамдарды толығымен іске қатыстыру туралы мәселені шешіп, іске қатысуға биологиялық ата-аналар тартылған

мүдделерін естен шығармай, оларды тәрбиелеу және жан-жақты дамыту үшін қолайлы жағдайлар материалдық, моральдық сипатта жүзеге асырылуы керек.

Қорыта айтқанда, бала асырап алу туралы шешім шығару кезінде соттар үлкен жауапкершілікті арқалайды. Бала тағдыры ет жүрегіңізден сан мәрте еленіп, санаңызда сан сараптан өтеді. Басты назарда бала асырап алушының, сондай-ақ онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің адамгершілігі, мейірімділігі, жалпы, адами құндылықтарының бар-жоғы анықталады. Жұмыстағы, тұрмыстағы мінез-құлқын сипаттайтын мәліметтер, қылмыстық, әкімшілік жауаптылыққа тарту фактілері, т.б. тексеріледі. Бала асырап алушы мен онымен бірге тұратын отбасы мүшелерінің денсаулығы, отбасында қалыптасқан өзара қарым-қатынастары да назарымыздан тыс қалмайды. Бала асырап алушы мен бала арасында туындаған өзара қарым-қатынасы, бала асырап алу мәселесі бойынша отбасы мүшелерінің көзқарасы ескеріледі. Сонымен қатар болашақ бала асырап алушылардың материалдық және тұрғын үй жағдайлары заң шеңберінде тексеріліп, ескерілетінін баса айтқым келеді.

– **Әңгіменізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ

**БӘРІМІЗДІҢ
ҚҰҚЫҒЫМЫЗ БІРДЕЙ**

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да, еліміздің жаһандық саясатта шеберлік танытып, халық пен ел абыройын есе-леуде көптеген жерлерде жеңіске жетіп, үлгі-өнеге көрсетіп жүргенін дөңгеленген дүниенің барлық сырынан хабардар мемлекеттер жақсы біледі. Сондықтан да әлем елдерінің алдындағы саяси имиджімізді бұдан да нығайта түсу үшін демократиялық қағидағарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек.

2009 жылы 8 желтоқсанда ел Президенті «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заңға қол қойды. Заң мемлекеттік органдар басшыларына ерлер мен әйелдердің тәжірибелеріне, қабілеттеріне және кәсіптік даярлықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігінің қамтамасыз етілуін, олардың жергілікті басқару органдарында, сондай-ақ мемлекеттік биліктің заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарында тең серіктестік қатынастарының сақталуын міндеттейді. Бұл заңның жетістіктерінің бірі – ерлер мен әйелдердің жынысына қарамай, өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына тең құқық пен тең мүмкіндік бере отырып, шынайы қолжетімділікті қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе ретінде «гендерлік теңдік» ұғымын заңнамалық тұрғыда бекітуі.

Гендер ұғымын тек қана әйел теңдігін қорғайтын бағыт немесе оның құқықтарын асыра пайдалануды көздеуге бетбұрыс деп қана түсінуге болмайды. Гендер – тек әйелдің ғана емес, ер адамның да тұлғалық ерекшеліктерін қорғайтын, ал кемсітушілік болған жағдайда, оның да мүддесін сақтауға атсалысатын қоғамдық үдеріс. Гендер саласындағы сан қырлы күрделі мәселелерді түсіндіру үшін, оны біржақты таяз ұғынушылықты жою үшін, ер де, әйел де өзінің құқықтарының тең екендіктерін сезіну үшін, жастарға арнайы және жүйелі ұйымдастырылған гендерлік білім беру қажеттілігі туындап отыр. Ол әлемнің көптеген елдерінде зерттеліп, нақты іс-шаралар арқылы өз деңгейінде қолға алынуда. Ал біздің еліміздегі гендерлік білім беру тек қана біржақты, шығыстық, діни сияқты парадигмаларға көзсіз еліктемей, тек классикалық негізге сүйене отырып, ұлттық таным-түсініктің нұсқасы болуы керек және ол солай жүргізілуде.

Бұл стратегияның берер жемісі әлі алда.

А.ТУРАҚБАЕВА,
Ақтау қаласының №2 сотының кеңсе меңгерушісі

САЙЫС

БІЛІМ БАЙҚАУЫ

Ел Тәуелсіздігінің отыз жылдық мерекесіне орай Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты ИЧ-167/9 мекемесіндегі сотталғандар арасында «Тәуелсіздік тұғыры» атты екі күндік сайыс өтті.

Түркістан облыстық Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығының және облыстық ҚАЖ департаментінің ұйымдастыруымен өткізілген бұл іс-шараға жиырма алты адам қатысты.

Білім байқауына Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Рухани жаңғыру және тәрбие» бөлімінің басшысы Қайрат Анарбаев, Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының Түркістан облысы бойынша наиб имамы Самат Сапарханұлы, «Мирас» университетінің оқытушысы Жамбыл Жауылбаев сынды білікті сарапшылар қазылық етіп, сотталған азаматтардың біліміне әділ бағасын берді. Жаза мерзімін өтеушілер арасындағы командалық білім сайысы 4 кезең бойынша жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде 6 топқа бөлінген сотталушылар өздерін және командаларын таныстырды. Екінші кезеңде еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы ел есінде қалған айтулы оқиғаларға қатысты білет жүйесімен сұрақтарға жауап берді. Бұл кезеңде тәуелсіздікпен қатар ислам дінінің Қазақстанға келу тарихы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылуы, Түркістан қаласының өткені мен Қазақ хандығына қатысты сұрақтарға жауап берді.

Ал, үшінші кезеңде халқымыз үшін дәстүрлі ислам құқықтық мектебі Имам Ағзам Әбу ханифа мазхабының тағылымына қатысты сұрақтар қамтылды. Сенімдік Имам Матуриди мазхабына қатысты сұрақ-жауап жүйесімен өткізілген төртінші кезең байқауды қорытындылады.

– Бұл іс-шараның мақсаты – сотталғандарды еліміздің өз тәуелсіздігін алу жолы мен осы егемендік туы астында жеткен келелі жетістіктермен таныстыру, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қазіргі таңда Түркістан облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты ИЧ-167/9 мекемесінде



479 сотталған жазасын өтеуде. Оның 9-ы – І-ІІ топтағы, бесеуі – ІІІ топтағы мүгедектер, 8-і – зейнеткер – барлығы 22 адам жұмысқа жарамсыз. Ал, 24-і – әртүрлі жағдаймен және қол-леджде білім алып жүргендер. Жалпы, жұмысқа жарамды сотталғандар саны – 433, былтыр 351 адам жұмыспен қамтылған болатын. Сонымен қатар, темір тордың арғы жағында отырып, ақылы жұмыс жасап, отбасына қол ұшын беріп отырғандар да бар. Ақылы жұмыспен қамтылғандар 221 адамды құрайды. Осындай әртүрлі шараларға сотталған азаматтарды қатыстырып, оларды қоғамға бейімдейміз, – дейді ҚАЖ департаментінің аға инспекторы Сабит Сопиев.

Аталған білім байқауында қазылар алқасының шешімімен үздік деп танылған «Ақниет» тобы 60 мың теңгелік сертификатқа ие болды. Ал, 2-орын «Ханафи» тобына бұйырып, 50 мың теңгелік сертификат алды. 3-орынға «Береке» тобы лайықты деп танылып, 30 мың теңгелік қаржылай сертификатқа қанағат тұтты. Бұл қаржылай ұтыстар сотталғандардың жеке есепшоттарына аударылды. Онымен қоса сайысқа қатысқан барлық сотталғандарға алғыс

хат пен бағалы сыйлықтар табыс етілді.

Байқаудың екінші күні жазасын өтеушілер арасында шағын футболдан ойын ұйымдастырылды. Аталған сайысқа 6 құрамада 36 жазасын өтеуші азамат қатысты. Футбол жарысында үздік ойын көрсетіп, топ жарған «Нұр» тобы 1-орынды иеленіп, 50 мың теңгелік сертификатқа ие болды. 2-орын «Бірлік» тобына бұйырып, 40 мың теңгелік сертификат алды. Ал 3-орынға «Береке» тобы лайықты деп танылып, 30 мың теңгелік сертификатқа ие иеленді. Сонымен қатар, ойын барысында ерекше көзге түскен сотталғандарға «ең үздік қақпашы», «ең үздік шабуылшы», «ең үздік қорғаушы» және «ең үздік ойыншы» номинациялары тағайындалып, әрқайсысы 10 мың теңгелік сертификатқа ие болды.

Қызықты әрі тартысты өткен екі күндік байқауға қатысқан сотталғандар осы іс-шараны ұйымдастырып, демеушілік жасаған облыстық Дін істері басқармасының Дін мәселелерін зерттеу орталығына алғыстарын білдірді.

Раушан НАРБЕК

МӘСЕЛЕ

МАМАНДАР БІЛІМІ СҰРАНЫСҚА САЙ ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл шара, оның айтуынша, оқытушыларға тек теория ғана емес, жұмыс істеудің бай тәжірибесін жинауға мүмкіндік береді. Біз бүгінде магистратура мен докторантураны ғылыми заңгер кадрлар ұстаханасына айналдырдық. Олар тәжірибеден сырт қалды. Ішкі істер министрлігінің бұйрығымен бакалавриат түлектері төменгі буынды лауазымды иеленіп, магистратура түлектері орта буынды лауазымды, докторантура түлектері жоғарғы буынды лауазымды иелену керек. Нақты шектеу қойып, академиялық атақ сай келмесе, лауазым иеленуге қатаң тыйым салынғаны жөн. Университетке емес, заң факультеттеріне салалық рейтинг енгізу керек. Оны мамандандырылған аккредиттік агенттіктер жүзеге асыруы тиіс. Біз қазір көптеген дамыған елдерден заңгерлік білім беру ісін цифрландыру бойынша артқа қалдық. Осыған байланысты арнайы заң қабылдайтын уақыт келді.

Сараптамалық комиссияның мүшесі, заң ғылымының докторы Раиса Юрченко алғашқы заңгерлік білім беру ісіне көңілі толмайтынын білдірді. Деңгейі қазіргі заман талабына сай емес. Біздің елімізде барлығын заңгерлік біліммен қамтамасыз ету бағдарламасы іске қосылғандай ойға қаласың. Бүгінде заңгерлік білімді бұл кәсіпті сүймейтін, құқық саласына еш қызығушылығы жоқ адамдар алып жатыр. Түлектердің көбі мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Солай бола тұра, білікті заңгерлер арасында жұмыссыздық бар. Жоғары оқу орындарында талапкерлер үшін күрес жүріп

жатыр. Студенттерді жинау деңгейіне қарай оқытушылардың үстемалығын арттыру дәстүрге айналған.

Заңгерлік оқу орындарының студенттерін құқықты түсінуге үйрету керек. Көбісі құқық нызамдарын оқи алмайтындықтан, одан қылмыстың белгілерін таба алмайды. Жоғары оқу орындары студенттерінің арасында «қылмыс құрамы» деген қарапайым терминді білмейтіндер бар. Юрченко ханым сонымен қатар құқықтық құрылымдарда студенттердің өндірістік тәжірибеден өту барысын да сынады. Оның айтуынша, бұл маңызды шара қағаз жүзінде, көбіне есеп беру түрінде өтеді.

Сараптамалық комиссияның тағы бір мүшесі Есберген Алауханов Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орындарын салаландыруды жалғастырып жатқанына тоқталды. 2019 жылы 72 жоғары оқу орны заңгерлерді дайындаса, бүгінде мұндай ұйымдар саны 64-ке кемітті. Ол бұл ретте барлық оқу орындарының заңгерлерді дайындамайтынына назар аударды.

Жиынға қатысушылар заңгер мамандарды дайындау жүйесі қайта құрылу керек деген пікірде. Бұл ретте салалық емес университеттердегі бөлімдерді жауып, салалық жоғары оқу орындарда маман дайындау тәжірибесін күшейту өзекті. Онда оқытушы-профессорлық құрамды заң ғана емес, философия, экономика сынды іргелі ғылымдар саласының ірі ғалымдарын тарту арқылы нығайту маңызды.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ



ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ЖАРЫСПАЛЫЛЫҚ

Қазақстанның сот-құқық қорғау жүйесіндегі реформа үздіксіз жалғасуда. Соттар қылмыстық қудалау органының алаңына түскен әр адамның құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қылмыстық процесс барысында тараптардың жарыспалылығын принципін қамтамасыз етуге аса назар аударып келеді. Заңның үстемдігін қамтамасыз ету мен қылмыстық қудалау жүйесін жаңғыртудың базалық бағыттарын жетілдіруге әрдайым ерекше мән беріледі.

Сонымен бірге қылмыстық процесте азаматтардың құқын қорғау деңгейін арттыру, тергеу жүргізу тәртібін оңтайландыру, қылмыстық процестегі жарыспалылықты, сотқа дейінгі сатыда сот бақылауын одан әрі күшейту және қылмыстық қудалау, прокуратура мен сот органдары арасындағы өкілеттіктердің қайталануын болдырмау және оларды нақты бөлу қажеттілігі де назардан тыс қалған емес. Жуырда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдап, қылмыстық процесте тараптардың шынайы жарысын қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмалар беруді – осының дәлелі.

Қылмыстық процесте тараптардың шынайы жарыспалылығын қамтамасыз ету проблемалары әлі де кездеседі. Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау тетіктерін күшейту үшін қылмыстық-процестік заңнаманы тұрақты жаңғыртып отыруды қажет етеді. Өйткені тараптар жарыспалылығы – қылмыстық процестің іргелі қағидатының бірі. Қылмыстық істің күрмеуін шешіп, әділдігін анықтау үшін прокурор мен адвокат жарыспалылығының көмегі көп.

Елімізде 2010-2020 жылдары жүргізілген

Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, қылмыстық процестің тиімді моделін құру мақсатында адам құқықтарын қорғауды нығайтуға, тараптардың жарыспалылығын арттыруға, сот бақылауын күшейтуге, тергеу органы, сот және прокуратура арасындағы өкілеттіктерді ажыратуға және олардың қайталануын болдырмауға бағытталған реформа іске асты. Нәтижесінде тергеу ісі айқындалып, сот бақылауы артты.

Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығын қамтамасыз ету сот өндірісінің маңызды шарттарының бірі болып табылады. Егер тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидасы сотқа дейінгі сатыда жұмыс жасамаса, онда ол айыптау жағына алдын ала тергеуді айыптау бағытымен жүргізуге жол ашады. Оған қарсы келетін бірден-бір тетік – ол тиімді қорғаныс. Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидасы қылмыстық сот өндірісінің сотқа дейінгі, сот сатыларында да іске асырылуы тиіс.

Бүгінде «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша барлық соттар техникалық жағынан қамтамасыз етілген. Электронды қылмыстық істер тіркелгеннен бастап, оның тергеуі барысы, сотқа қаралуы, жазаның орындалуы секілді барлық жүргізілу сатылары көпшілікке қолжетімді. «Сот кабинеті» арқылы азаматтар іс бойынша шағымы мен сұрағын да оңай тіркей алады. Ендігі жерде тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы барлық тараптардың құқықтарының толық іске асуына мүмкіндік береді және оларды қамтамасыз етудің кепілі болып табылады.

Айнұр ҚЫЗЫЛБАЕВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

БАЗЫНА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Биыл 15 тамызда «Lada Vesta» көлігін басқарған азамат ауыл көшесінде ерсілі-қарсылы жүрген. Содан ол түнгі 00 сағат 45 минут шамасында Қазталов ауылы, Желтоқсан көшесінің бойындағы «Аружан» дүкенінің тұсында полиция қызметкеріне ұсталған. Оған сот-медициналық талдама жүргізілді. Медициналық куәландыру қорытындысына сай, алкогольдік масаң күйде болғаны анықталды. Химиялық-токсикологиялық сот сараптама қорытындысы бойынша, Б.Мұсағалиевтің қанында 1,19% промилле және несесінде 2,55% промилле этил спирті анықталды.

Өздеріңізге мәлім, ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы №1196 қаулысымен бекітілген «Жол жүрісі қағидаларының» 2.4.1, 2.4.2-тармақтарына сәйкес, көлік құралының жүргізушісі жүргізуші куәлігінсіз және масаң күйде (алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық) көлік құралын басқаруға тыйым салынады. Сондай-ақ сотталушыға жаза тағайындау кезінде ҚК-нің 52-бабының



МҰҒАЛІМ, МӨРТЕБЕНЕ ЛАЙЫҚ БОЛ!

талаптары басшылыққа алынды, яғни оның жасаған қылмыстық құқықбұзушылық әрекетінің қоғамға қауіпті екені, осыған дейін алкогольдік масаң күйінде көлік айдағаны үшін көлік құралын басқару құқығынан айырылса да, берілген жазадан тиісті нәтиже шығармағаны ескерілді. Қазталов аудандық соты Болат Мұсағалиевтің қылмысы толық дәлелденгеннен кейін ҚР ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танып, оған көлік құралын басқару құқығынан өмір бойына айыру және 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Сотталушы аудандық сот үкіміне риза болмай, облыстық соттың апелляциялық алқасына шағымданды. Апелляциялық алқа сотталушының шағымын қарап, үкімді өзгеріссіз қалдырды.

Көлікті алкогольді масаң күйде басқару – тұрғындардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін бірден-бір фактор. Егер сол күні сотталушы рөлге ие бола алмай, адам өліміне себепші болса ше?! Жәбірленуші отбасының және өз перзенттерінің алдында қалай ақталар еді?! Өйткені ол бір рет

берілген ескертуге, жазаға құлақ аспай, сол катені екінші мәрте қайталап отыр.

Айта кетсек, соңғы төрт айда осы аудандағы мұғалімдерге қатысты үш іс қозғалды. Оның біреуі Еңбек бастауыш жалпы білім беретін мектептің мұғаліміне қатысты. Ол көлікті мас күйінде жүргізіп, әкімшілік жазаға тартылды. Ал екіншісі Қоныс жалпы орта білім беретін мектебінің мұғаліміне қатысты әкімшілік құқықбұзушылық іс болатын. Ол сол ауылдың тұрғынын қасақана ұрып-соғып, денсаулығына жеңіл зиян келтірген. Алайда іс сотта тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылды.

Қарап отырсаңыз, олардың барлығы – шәкірттің бойына тәлім мен тәрбие ұялататын ұстаздар. Десе де, олардың іс-әрекеттері мұғалім мәртебесіне сын. Ал мұғалім бейнесі шәкірт үшін адамгершіліктің, мінсіз тәртіптің ең жоғары үлгісі болуы керек. Сондықтан ұстаз болсын, ата-ана болсын, ең бірінші өздерін тәрбиелеп алғаны абзал.

Гүлжиһан САҒИТОВА,
Қазталов аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

ТӨРБИЕСІЗ ҰРПАҚ – ҰЛТ ҚАСІРЕТІ



Жанат ХАБАРОВ,
Индер аудандық сотының төрағасы

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс ұлт тұтастығына, ел болашағына қауіп төндіретін сүзәт. Жас ұрпақтың қылмыстың бұралаң жолын тандауы – дәуір қасіреті.

Қылмыстық кодекстің ерекше бөлімінің 2-тарауында отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстар үшін жауапкершілік қарастыратын нормалар жинақталған. Осы тектес қылмыстық құқықтық нормалар үшін жеке тараудың белгіленуі бұл мәселенің маңыздылығын көрсетеді. Ел Конституциясының 27-бабында «Отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады; Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінген. Бұл қағидалар халықаралық құқықтың осы мәселелердегі негізгі ережелеріне сәйкестендірілген. Негізінен алғанда, құқыққа қарсы әрекет жасаған жасөспірім Қазақстанның заң актілеріне сәйкес жауап береді. Қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық басталатын жас шамасы ҚК-тің 15-бабында көрсетілген. Қылмыстық процесті

жүргізуші орган кәмелетке толмағандардың істері бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның жасын (туған жылын, айын, күнін) дәл анықтау жөнінде шара қолдануға міндетті. Бұл орайда адамның белгілі жасқа толуы ол туған күні емес, келесі тәуліктен бастап есептеледі.

Сот тәжірибесін алатын болсақ, соттар, кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істер қарау барысында жоғарыда көрсетілген заң талаптарын ескеріп, оларды қолданып, олардың құқықтарының өрескел бұзылмауын толық қамтамасыз етіп отыр деп айта аламын. Сонымен қатар, сот актісін орындаушы органдар да кәмелетке толмай сотталған адамның барлық ерекшеліктерін ескеруі керек.

Кәмелетке толмағандар қылмыстылығына құқықтық сипаттама бергенде, есте ұстар тағы бір нәрсе – ол әлеуметтік жағдай. Отбасылардың ауқаты және тұрмысы төмен болып бөлінуі де жасөспірім өміріне өзгешелік енгізіп, оның жетіспеушіліктен қылмысқа баруын қалыптастыруда. Сонымен қатар, кәмелетке толмаған баланың өмір сүру ортасы жағдайының жалпы келесіз жақтары, жанұя тәрбиесінің бұзылуы, кәмелетке толмаған баланың толық отбасында тәрбиеленбеуі жеткіншектің жанына қатты әсер ететінін, оның тәртіп жағынан құлдырап, құқық бұзуға әкелетіндігін көруге болады.

Бүгінде көп ата-ана бала тәрбиесіне көңіл бөлмейді, мектепке бармайды, сынып жетекшісімен және пән мұғалімдерімен байланысып, баланың оқу үлгерімін сұрамайды. Ал, ешкімнің бақылаусыз қалған бала бірте-бірте ата-ана тәрбиесінен тыс қалады. Қадағалаусыз баланың қылмысқа ұрынуы оңай. Ата-ананың балаға қалай болса солай қарауы, әке-шеше жауапкершілігін сезінбеуі жасөспірімнің құқық бұзуына жол ашады.

Жалпы, кәмелетке толмаған баланың адам болып қалыптасуы жанұяға байланысты. Жанұя – баланы мейірімге бөлеп, жат қылықтан айнақтататын, дұрыс жолға бағыттап, басқаратын орта. Әрбір ата-ана бала тәрбиесіне үлкен мән бергені абзал. Қазақстанның болашағы – саналы, тәрбиелі, инабатты ұрпақ. Тәрбиесіз ұрпақ ортасын бүлдіреді. Сондықтан да, бойкүйездікті тастап, бала қамына және тәрбиесіне ерте қамданғанымыз жөн.

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

ҚАРАШАҢЫРАҚ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2024 жылы өзінің 90 жылдық торқалы тойын атап өтеді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жетістіктерінің бірі – ҚазССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 қазандағы №629 қаулысымен Қазақ ұлттық университетіне ұлы философ және ғалым-энциклопедист әл-Фараби есімінің берілуі.

Университет бұл есімді әрдайым мақтан тұтады. Өткен 30 жыл ішінде ұлы ғалымды мәңгі есте қалдыру үшін көп жұмыс атқарылды. ҚазҰУ-да халықаралық әл-Фараби орталығы құрылды және ол қазір де жұмыс істейді. Ұлы ғалымның мұрасы бойынша виртуалды портал әзірленді, Invisible College қағидаты бойынша әлем фарабитанушыларының институционалды емес өзара іс-қимылы бойынша интерактивті алаң іске



ның ең үлкен деректер базасына енгізілген. Студенттердің ең заманауи білім алуы үшін 2021-2022 оқу жылына 113 жаңа бағдарлама ҚР Білім және ғылым министрлігі Болондық үдеріс орталығының тізілімінде тіркелген, оның ішінде: 19 бакалавриат, 63 магистратура, 31 докторантура үшін. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу жалғасуда. Қазақстандық және халықаралық трендтер мен сын-қатерлерге сәйкестік, пәнаралық байланыс және білім сапасы мен университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы сияқты негізгі талаптар назарға алынды.

Оқытушылардың 35%-ға жуығы ағылшын тілінде сабақ жүргізеді, 2 мыңнан астам студент ағылшын топтарында оқиды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бүгінде 4170-тен астам адам жұмыс істейді. Олар – оқытушылар, оқу-көмекші жұмыскерлері, өндіріс департаментінің қызметкерлері, ком-

КӨШБАСШЫ

ТҮЛЕКТЕРМЕН
МАҚТАНАМЫЗ

КЕЗ КЕЛГЕН ОҚУ ОРНЫНЫҢ БАСТЫ МАҚТАНЫШЫ – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТПЕШІ ЖҮРГЕН БІЛІКТІ ШӘКІРТТЕРІ. ОСЫ ТҮРҒЫДАН КЕЛГЕНДЕ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК. УАҚИТ ПЕН ҚОҒАМ СУРАНЫСЫНА САЙ БІЛІКТІ ДЕ БІЛІМДІ МАМАНДАР ДАЙЫНДАУҒА ДЕН ҚОЙЫП, ОҚУ ОРНЫНДА НАҒЫЗ СУРАНЫСҚА САЙ КАДР ДАЙЫНДАЛУЫ ҮШІН, ДЕР КЕЗІНДЕ ҚАЖЕТТІ КАФЕДРАЛАРМЕН ЖӘНЕ ФАКУЛЬТЕТТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫРЫП ОТЫРҒАН БІЛІМ ОРДАСЫ БҮГІНДЕ ЕЛІМІЗДЕГІ КӨШБАСШЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛҒАН.



Осы орайда оқу орнының заң факультеті аясында құрылған Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасы уақыт сұранысына сай маман дайындауға айрықша көңіл бөліп келеді. Сапалы маман дайындау жолында ұстаздарға да қойылатын талап жоғары. Елу жылдан астам әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы докторлық диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы қызметін атқарған Сұлтан Сартайұлының заңгер мамандар дайындауға қосқан үлесі зор болды. Өзінің ғылыми мектебін құрған ұстаздың шәкірттері бүгінде заң ғылымы, заң білімі, құқық қорғау органдары саласында қызмет атқарып жүр. Ол бес заң ғылымдарының докторы және ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми шәкіртің кандидатын даярлаған ұстаз болатын. Бүгінде кафедраны заң ғылымдарының докторы, профессор Кенжалиев Зайғали Жантуғанұлы басқарып отыр.

Профессор З. Кенжалиев отандық мемлекет және құқық теориясы, конституциялық құқық ғылымдарын дамытуға үлесін қосып келеді.

Жалпы, кафедралық оқытушылық-профессорлар құрамы мақтанарлықтай дәрежеде. Жеті ғылым докторы, он ғылым кандидаты мен PhD профессорларымыз сапалы маман дайындауға ден қойған. Бүгінде кафедра ғылыми дәреже негерлерінің саны 80 пайыздан асады. Профессорлық оқытушы құрам біліктілігі жоғарғы көрсеткіштің кепілді деңгейіне жеткеніне қарамастан, мемлекеттік марапаттар мен шәкіртің иегерлері. Мәселен, олардың қатарында бір «Құрмет» орденінің иегері, бір III дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, бір техника және ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан мамандар мен ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми шәкіртің иегері, бір Ғылым академиясының мүшесі, жеті «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегері, төрт талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми шәкіртің лауреаты деп саналамын, мақтанышпен айта аламыз. Кафедра мүшелері алдағы уақытта заңның түрлі салалары бойынша ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді көздеуде.

Сондай-ақ бүгінгі күні елімізде табысты қызмет етіп жүрген заңгер мамандар сот, құқық саласының қазанында қайнап жүрген басшылары үнемі оқу ордамызға ат басын тіреп отырады. Соның дәлелі жақында ғана «Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы – саяси тұрақтылық пен экономикалық өркендеудің негізі ретінде Н.Назарбаевтың құқықтық моделі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, ҚР Конституциялық Кеңесінің төрағасы Қайрат Мәми, Н.Ә. Назарбаев қорының атқарушы директорының орынбасары Игорь Рогов, Түркия Конституциялық Сотының Төрағасы Арслан Зухту, сот және атқарушы билік органдары мен азаматтық қоғам институттарының өкілдері, сарапшылар және жоғары оқу орнының оқытушылары оқу ордамызда бас қосты. Шын мәнінде білікті мамандардың оқу ордамызда студенттермен кездесу өткізіп, тәжірибелерімен бөлісуі үлкен тәжірибе мен қуаныш сыйлайды. Болашақ заңгер мамандардың қиялына қанат бітіретін мұндай конференциялардың арқасында заң және құқық жүйесінің ерекшелігін тани түсуге мүмкіндік артады. Жалпы, оқу ордамызда, кафедрамызда білікті мамандар дайындауға барынша көңіл бөлінген. Демек, құқықтық мемлекет құру жолындағы мақсатымыз айқын, бағытымыз дұрыс деп айта аламыз.

Айгүл КАРАТАЕВА,
з.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті,
Даурен МАХАМБЕТСАЛИЕВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультетінің Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының I курс магистранты.

ЖАСАМПАЗДЫҚҚА
ТОЛЫ ОТЫЗ ЖЫЛ

көсілді. Әлемдік ғылыми мектептермен ынтымақтастықта әл-Фараби орталығы ғұламаның қағидаттары мен идеяларының қазіргі заманғы мазмұнын анықтау бойынша жұмыс ұйымдастырды. Жұмыстың маңызды бағыты – әл-Фарабидің бұрын жарияланбаған қолжазбаларын іздеу және аудару. Университет ғалымдары ғалымның араб тілінен қазақ тіліне үш трактатын аударған, олар жақын арада жаппай таралыммен шығарылатын болады. Алғаш рет «Әл-Фараби» энциклопедиясы жарық көрді, онда ұлы ғалым барлық ақпаратты жүйелейді. Энциклопедия мазмұнына тарихи деректер, мәліметтер, географиялық объектілер, өмірбаяндық деректер, ойшылдың өмір жолы мен ғылыми мұрасы (оларға трактаттар мен түсініктемелер), араб-мұсылман қайта өрлеу дәуіріндегі белгілі ғалымдардың еңбектері мен ұғымдары кіреді. Онда қазіргі заманғы зерттеушілер, қазақстандық фарабитану, ислам философиясы, дін, мәдениет, ғылым және білім мәселелерімен айналысатындардың барлығы туралы библиографиялық мәліметтер бар.

Әл-Фараби мұрасы мен мұраттарын жастар арасында насихаттау маңызды бағыт. Сондықтан Қазақстанның ашық білім беру moocs.kz ұлттық платформасында «Әл-Фараби және қазіргі заман» атты онлайн-курс орналастырылған, оны қазірдің өзінде 5 мыңнан астам адам тыңдап үлгерді.

ҚазҰУ AlFarabiTV Youtube-арнасында әл-Фараби мұрасын танымал ету бойынша 100-ден астам бейнематериалдар, сюжеттер, репортаждар мен анимациялық фильмдер орналастырылған #ALFARABI1150 плейлистін ашты. Голландия мен Түркияның медиакомпанияларымен бірлесіп әл-Фараби туралы үш деректі фильмнен тұратын цикл құрылды.

Тұлғаны зияткерлік және ізгіліктік жетілдірудің бірлігі туралы әл-Фараби ілімін кеңірек тарауға әлемнің жетекші оқу орындарының әл-Фараби орталықтары атсалыса бастады. АҚШ-та, Ресейде, Грекияда, Румынияда, Албанияда, Малайзияда, Өзбекстанда, Түркіменстанда, Балтық жағалауы елдерінде жаңа әл-Фараби орталықтарын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ҚазҰУ – еліміздегі оқу орындары арасында бірінші болып ҚР Президентінің «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» сыйлығының лауреаты болды (2006). Халықаралық және Еуразиялық университеттер қауымдастығының мүшесі, университеттердің жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының көшбасшысы, халықаралық деңгейде енгізілген сапа менеджменті жүйесін бірнеше рет растады (2008-2011).

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының «Академиялық әсер» бағдарламасына қабылданған жалғыз университет және белгілі QS (Ұлыбритания), Thomson Reuters (АҚШ)

рейтингтік агенттіктерінің нәтижелері бойынша Орта Азияда бірінші болып әлемнің ең танымал университеттерінің қатарына енді. «Great Value Colleges» (Ұлы құндылық колледждері) халықаралық ұйымының зерттеу нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемдегі ең технологиясы дамыған 50 университеттің қатарына кіреді.

Бір жыл бұрын университет меншік нысанын өзгертіп, коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналды. Корпоративтік басқару жүйесі жоғары оқу орнына айтарлықтай әсер етті.

Оқытушының жұмысына деген көзқарас өзгерді - биыл жалақы екі рет өсті. Алғаш рет ақпан айында 20%-ға өссе, екіншісі 1 қыркүйектен бастап Білім және ғылым министрінің тапсырмасына сәйкес белгіленді. Еңбекке ақы төлеудің бұл деңгейі оқыту сапасын арттыруға, озық білім беру технологияларын пайдалануға және ғылыми зерттеулер жүргізуге түпкілікті ден қоюға мүмкіндік береді.

Биылғы мерейтойлық жыл негізінен серпінді жыл болды. Осылайша, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті QS Quacquarelli Symonds - Graduate Employability Rankings агенттігінің халықаралық рейтингінде Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша 201-250 позициядағы жоғары оқу орындарының тобына кіріп, көшбасшы болды. «Жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі» көрсеткіші бойынша ҚазҰУ әлемде 55-орында. «Жұмыс берушілер арасындағы бедел» көрсеткіші бойынша әлемде 120-орынға ие болды. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша QS - QS Graduate Employability Rankings әлемнің үздік университеттерінің рейтингі жұмыстарды егжей-тегжейлі салыстырмалы талдауы ЖОО-на қалаған мамандықты одан әрі алу үшін қолайлы жағдай жасауға жетелейді.

Басқарма төрағасы – ҚазҰУ ректоры Ж.К.Түймебаев университет ЖОО арасында көшбасшы мәртебесін сақтап, нығайтуы тиіс және осы мақсатқа қол жеткізу үшін мекеменің қызметін дұрыс жоспарлау, бірлескен бағдарламалар мен халықаралық ынтымақтастықты арттыруға негізгі назар аудару қажет екенін үнемі атап көрсетеді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығында 5260 талапкер ҚазҰУ бакалавры атанды. Сондай-ақ студенттер қатары 2150 магистрантқа көбейді. ҚазҰУ-дың барлық студенттері дәстүрлі форматта оқуға дайын. Университет бетперде кию және әлеуметтік қашықтық шараларын қатаң сақтайды. Қазіргі уақытта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да профессор-оқытушылар құрамының 70,2%-ы (3 555), студенттердің 79%-ы (14 370) екпе алды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «International Journal of Mathematics and Physics» ғылыми журналы әлемдік Scopus ғылыми жарияланымдары-

пьютерлік технологиялар саласындағы мамандар, заңгерлер, экономистер, күзетшілер және университетке жүктелген миссияны орындауға білім, ғылым және инновациялық қызметтің тиімді кірігуі негізінде Қазақстан қазіргі заманғы зияткерлік талаптарына және даму стратегиясына сәйкес келетін жаңа формациядағы мамандарды оқыту мен тәрбиелеуге көмектесетін көптеген басқа мамандықтар. Профессорлық-оқытушылық құрамның штат саны 2,9 мыңды құрайды, оның ішінде 1,2 мыңнан астамы ғылым докторы мен кандидаты және 350 PhD докторы бар. Университет профессорларының арасында 10 академик және 7 корреспондент-мүшесі бар. Бірқатар шетелдік жоғары оқу орындарының ректорларымен кездесулер үнемі өткізіліп тұрады, олар білім және ғылым саласында ынтымақтасуға дайын екендіктерін білдірді. Шетелдік жоғары оқу орындарымен белсенді ынтымақтастық екі жақты білім беру жобаларының артуына оң әсер етеді.

«Керемет» СҚО – ҚазҰУ студенттік қалашығындағы нағыз қала. Бүкіл пост-кеңестік кеңістікте мұндай орталық алғаш рет бой көтеріп отыр. Мұндай кешендермен Франция мен Германияның ірі университеттері ғана мақтана алады. Студенттерге қызмет көрсету орталығында жалпы көлемі 7300 ш.м құрайтын бес сектор бар.

ҚазҰУ студенттерінің спорттық жетістіктері жоғары деңгейде атап өтілді. Токиодағы Олимпиада ойындарында Елдос Сметов дзюдодан, Игорь Сон ауыр атлетикадан, Нұрислам Санаев еркін күрестен, Нұрдаулет Жұмағали паралимпиадалық ойындарда керемет нәтижелер көрсетті.

Биыл әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да қайта сертификаттау аудиті сәтті өтті. Университет қызметінің барлық бағыттары бойынша мақсатты нақты анықталған индикативті жоспарлау жүйесі табысты жұмыс істейді.

Университет ұжымы алдағы уақытта да ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағымен бірге «Қазақстан – 2050» стратегиясында белгіленген жаңа міндеттерді орындау үшін бар күшін салады және қазақстандық жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына кіруі жөніндегі жоспарларды жүзеге асыруға өзінің елеулі үлесін қосады.

С.ТЫНЫБЕКОВ
з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі,
О.П.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС
КҮШЕЙЕ БЕРЕДІ



Еліміз өзінің даму жолында жемқорлықпен күресті мемлекеттің басты ұстанымдарының бірі ретінде қарастырып отыр. Сондықтан жыл өткен сайын жемқорлықпен күрес

тәсілдері жетілдіріліп, жемқорлықтың тамырына балта шабу жолдары іздестірілуде. Демек, жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын таба бермек.

Сыбайлас жемқорлық – әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Алайда сыбайлас жемқорлық бір күнде жойылатын іс емес. Ел еліміздің әр азаматы жұмыла күрескен сәтте ғана нәтижелі болатыны айқын. Қазіргі уақытта Қазақстан жемқорлыққа қарсы неғұрлым мықты дамыған заңнамасы бар ел болып табылады. Жыл өткен сайын осы бағыттағы заңнамалар

жетілдірілу үстінде. Жалпы, парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан-жылға өсе түсуде. Жемқордың лауазымы мен қызметіне қарамастан, жазалау, жемқорлықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар қарқынды түрде жүргізілуде. Тіпті жемқорлық жайлы хабар бергендерді марапаттау, жемқорлық деректерін жедел анықтау мақсатында жедел желіні іске қосу секілді әрекеттер де өзінің оң нәтижесін беруде. Дегенмен жемқорлыққа халықтың қарсылығын арттыру өзекті болып отыр. Ел ішіндегі ұсақ жемқорлық әрекеттерінен бастап алдын алу үшін халықтың жемқорлыққа төзбеушілігін қалыптастыру маңызды болуда. Елдің ертеңі үшін, болашақ ұрпақ алдында еңсезімдік биік болуы үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет.

Мақсат СЕЙДАХМЕТОВ,
Алматы қаласы Әуезов аудандық сотының судьясы

ПКІР

ОТБАСЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақстанда демографиялық өсімді қамтамасыз етуде әйелдердің үлесіне баға жетпейді, себебі, балалардың туыпқаннан бастайтын тәрбиесі нәзік жандылардың мойнында. Сонымен қатар, олар өмірлік маңызды салаларда еңбек етеді, мемлекеттік басқару жүйесінің көп бөлігі солардың еншісінде. Әйел отбасы құндылықтарының мұдәдесін қорғайды.

Біздің елімізде гендерлік саясаттың міндеттеріне мыналар жатады: билік құрылымына әйелдер мен ерлердің тең қатысуы, экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, отбасындағы тең құқықтар мен міндеттер үшін талаптар құру, жыныс белгілері бойынша күштеу бостандығы, қоғамның дамуында әйелдердің рөлін бұдан әрі дамыту үшін жана мүмкіндіктер ашатын шешімдер.

Қазіргі таңда гендерлік саясатқа мемлекетімізде аса қатты көңіл аударылууда. Осыған орай отбасылық саясат саласында қандай жетістіктер болды және көкейкесті мәселелер бар ма, соған тоқталып өтейік.

Отбасы міндеттерін еңбек қызметімен ұштастыру мүмкіндіктерін жасау мақсатында еңбек заңнамасында ата-аналардың икемді жұмыс түрлері мен бала күтімі бойынша демалыс алуға құқықтары туралы нормалар бекітілді. Сонымен қатар, әйелдердің, жүкті әйелдердің және баласы (балалары) бар әйелдердің еңбегін реттеу ерекшеліктерін бекітетін нормалар да пайда болды.

Осыған орай, көп балалы отбасыларды қолдау бойынша шара-

лар кешенінде оларды әлеуметтік жәрдемақылар мен көрсетілетін қызметтер арқылы қолдау бар. Әлеуметтік төлемдер ұсыну жүйесінде бала тууына және бір жасқа толғанға дейін бала күтіміне, мүгедек баланы тәрбиелеушілерге жәрдемақылар, 18 жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы, көп балалы аналар мен отбасылар үшін арнаулы мемлекеттік жәрдемақы қамтылған.

2008 жылы жүктілігіне және босануына, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуына байланысты табысынан айырылған жағдайға, сондай-ақ бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінен әлеуметтік төлемдер төлеу енгізілген. Балалардың отбасында тәрбиеленуіне жәрдем көрсету, бала асырап алушылар мен тәрбиелеушілерді материалдық ынталандыру мақсатында жетім балаларды асырап алушы азаматтарға біржолғы төлемдер, жетім баланы немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырау үшін қорғаншыларға немесе қамқоршыларға арналған жәрдемақы, патронаттық тәрбиелеушілерге төлемдер беріледі. Отбасы күні белгіленіп, жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық сайысы өткізіледі.

Ежелгі қазақ қоғамында да әйел құқығын қорғайтын нормалар болған. Атап айтатын болсақ, «Есім ханның ескі жолында» әйелдердің қоғамдағы орны мен жағдайына көбірек көңіл бөлінген. Қазақ мемлекеттілігі нығайғаннан кейін заңдар да дамып, жетілдіріліп,



Динара ГИЛЬМАНОВА,
Ақтөбе қаласының №2 сотының судьясы, заң ғылымдарының магистрі

Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қабылданған.

Әйелдердің құқықтық қорғау тақырыбын сөз еткенде, Қарамола съезінде қабылданған ұлы Абай түзген ережені де айта кету керек. Бұл ереженің 41-баптан 50-бапқа дейінгі бөлігі отбасылық және неке мәселесіне арналған. Олардың ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері де қамтылған. Консервативтік модельді елдер полициямен, прокуратурамен, сотпен және дағдарыс орталықтарымен тығыз байланыс орнату арқылы әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың профилактикасын белсенді түрде жүргізеді.

Отбасылық саясаттың әлеуметтік-демократиялық моделі немесе скандинавиялық моделі мемлекет тарапынан табысқа әмбебап кепілдік берілген және бала күтімі бойынша қызмет көрсету жүйесі

жоғары дамыған Дания, Норвегия, Швеция, Исландия және Финляндия сияқты елдерге тән. Мемлекет шығындарының негізгі бөлігі әлеуметтік мақсаттағы қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған.

Ұлттық және жергілікті деңгейлердегі мемлекеттік басқару құрылымдарында әйелдер, отбасы, балалар, гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі арнаулы уәкілетті органдар құрылған.

Шетелдерде ата-аналарға мемлекеттік қолдау балалар көмелеттік жасқа толғанға дейін көрсетіледі. Мәселен, Швецияда ата-аналар мемлекеттік жәрдемақыны бала көмелеттік жасқа толғанға дейін алады. Ата-аналар бала күтімі жөніндегі ақылы ата-ана демалысының 18 айын бөлуге құқылы, олардың жалақысын Үкімет пен жұмыс беруші тең үлесте өтейді. Ата-аналарды көтермелеу үшін, 18 айдың кем дегенде 3 айын екінші ата-ана, әдетте әкесі пайдалануға тиіс.

Көріп отырғанымыздай, гендерлік саясат әр елде әрқилы жүзеге асады. Гендерлік саясатты қолдау біздің елімізде де бірінші орында. Гендерлік саясаттың жүзеге асыруын ілгерілету мақсатында менің ойымша әйел адамдарға заңмен қандайда бір жеңілдіктер қарастырылу керек. Мысалы, аяғы ауыр әйел адамдар мен 3 жасқа дейінгі балалары бар әйел адамдарға төрт күндік жұмыс күнін белгілеген дұрыс деп есептеймін. Сонымен қатар ай сайынғы алатын жалақының мөлшері де бес күндік жұмыс жасайтын қызметкерлердің жалақысымен тең дәрежеде болуы керек. Сәйкесінше, осы мәселені еңбек заңнамасының нормасымен бекіту қажет. Осындай жағдайларда әйел адамдарға көмек көрсетілетін болса, еліміздің гендерлік саясаты да ілгерілей түседі деген ойдамын.

ЖИЫН

Байзақ аудандық сотында Жоғарғы Соттың 2021 жылғы 30 қыркүйектегі №2 нормативтік қаулысы талқыланды. Аудандық сот судьясы Айкерім Телесбаева, АХАТ бөлімінің бас маманы Маржан Орманалиева мен адвокаттар қатысқан дөңгелек үстелді көптеген азаматтар қашықтан бақылады.

НЕКЕ БҰЗУ ІСТЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Жиында сөз алған А.Телесбаева жоғарыдағы нормативтік қаулымен ҚР Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процесік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілгені туралы айтып, «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулыларына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, ерлі-зайыптылардың біреуі өзінің қарсылығының болмауына қарамастан, некені бұзудан жалтарған жағдайда, мысалы, некені бұзу туралы бірлескен арыз не жеке арыз беруден бас тартса, оның бірлескен арыз беру үшін тіркеуші органға жеке өзінің келуіне мүмкіндігі болмаса, сондай-ақ ол арыз берілгеннен кейін бір ай өткен соң тіркеуші органға қайта келмесе, неке (ерлі-зайыптылық) сот тәртібімен бұзылатынын, сондай-ақ тіркеуші

органда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзудан жалтарудың мән-жайларын құжаттармен (ерлі-зайыптылардың арызының жоқтығы туралы анықтамалар ұсынылады), сонымен қатар талап қоюшының некені тіркеуші органда бұзу ниеті туралы жауапкерге тиісінше хабарлағаны жөніндегі мәліметтермен расталуы тиіс. Судья талап қоюшының некені бұзу туралы ұсынысы жөнінде жауапкердің хабардар болуын қуаландыратын өзге де электрондық байланыс құралдарына жіберілген хабарламалар талап қоюшының жауапкерге некені соттан тыс тәртіппен бұзуға өтініш жасағанына дәлелдеме болып табылатынын, ал аталған дәлелдемелерді ұсыну талап қоюшының міндеті екенін атап өтті.

Іс-шара барысында адвокаттар мен АХАТ бөлімінің өкілдері сұрақ қойып, неке бойынша жиі туындайтын мәселелерді талқылап, пікір алмасты.

Өз тілшіміз

ӘРТҮРЛІ

3. «Raimbek Bottlers Group» акционерлік қоғамы, БСН 071140016193, өзінің «Raimbek Bottlers Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111/72 үй.

4. Жамбыл облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылғы 15 қарашадағы ұйғарымымен «Ай-Тумар» ЖК-не (ЖСН 750714300443) қатысты оналту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

5. Алматы қаласының МАЭС 01.11.2021 жылғы анықтамасы бойынша «Geo Guide» ЖШС-ге қатысты қалпына келтіру туралы іс қозғалды.

7. ҚР, 140800, Павлодар облысы, Май ауданы, Көктөбе ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі, 15 мекенжайы бойынша Май ауданы экономикасының нақты секторы бөлімінің «Май-су арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны құрылады.

10. «REIT Development» ЖШС, БСН 180240027291, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 280 үй, н.п.19, 13-қабат.

23. «POS Credit» МҚҰ» (ПОС Кредит) ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысының 04.11.2021 жылғы №2 хаттамасына сәйкес серіктестіктің жаңа орналасқан жері келесі мекенжай бойынша бекітілді: Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 502 үй, 8-қабат.

ТАРАТУ

9. «Марал ишан Ислам Мәдени орталығы» жеке мекемесі, БСН 110640022966, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда обл., Қармақшы ауд., Жосалы кенті, Марал баба көшесі, 38 үй. Тел.: 87072461978

14. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Балдырған» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 308/8 қаулысы негізінде таратылатыны жөнінде хабарлайды. Хабарландыру басылымға шыққаннан кейін екі ай ішінде шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Май ауылы, Мектеп көшесі, 5 үй.

15. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Балбөбек» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 308/8 қаулысы негізінде таратылатыны жөнінде хабарлайды. Хабарландыру басылымға шыққаннан кейін екі ай ішінде шағымдар мына

мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140800, Май ауданы, Қаратерек ауылы, Нұрлыбек Баймұратов көшесі, 22 ғимарат.

16. Павлодар облысының білім беру басқармасы, Май ауданы білім беру бөлімінің «Әйгерім» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Павлодар облысы әкімдігінің 2021 жылғы 22 қарашадағы № 308/8 қаулысы негізінде таратылатыны жөнінде хабарлайды. Хабарландыру басылымға шыққаннан кейін екі ай ішінде шағымдар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140807, Май ауданы, Саты ауылы, Жұмағайша Исатаева көшесі,10 ғимарат.

17.»АнБер 1» ЖШС (БСН 011140008558) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау қ., Шығыс-1 шағынауд., 249в үй, тел.:+7-701-599-39-10.

20. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің №31 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылатындығын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Северо-Восток 2 шағынауданы, 29 үй, пошта индексі 090005, БСН 980540001860. Тел.: +7747 235 2790.

22. «Номад Майнинг» ЖШС, БСН 201040038358, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, А05Е1Р8, Алмалы ауданы, Қарасай батыр көшесі, 152/1 ғимарат, 505-кабинет. Тел.: 87017600954.

МҰРАГЕРЛІК

2.01.08.2005 ж. қайтыс болған Карашалова Раупаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, н/ж («Гаухар» кафеінің ғимараты) мекенжайы бойынша Алматы облыстық нотариалдық округінің нотариусы С.А. Жумадуллаеваға келулері тиіс. Тел.: 87277264614, 87051019668.

11. 22.10.2021 ж. қайтыс болған, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Көлдi ауылы мекенжайында тұрған Кошекбаева Ляйля Орысовнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Жібек жолы көшесі, 116А (Халық банкінің бұрынғы ғимараты, 1-қабат) мекенжайы бойынша нотариус Тұрған Надира Тұрғанқызына келулері тиіс.

12. 19.06.2021 ж. қайтыс болған Кітапбаев Адилжанның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ә.Б.Әкімханға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Орынтаев көшесі, 60/2. Тел.: 87773677972.

13. 27.03.2020 ж. қайтыс болған Турманов Жаксыбек мүлкіне мұралық іс ашылды. Мұрагерлер нотариус Е.Е.Байсбаевке хабарласуды сұраймыз: Түркістан қ.,1 ықшамауданы, С.Ерубаев көш.,12 үй, 26 пәт. Тел.: 87017314766.

ҚОЛАЙЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ «ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА» БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮНГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және «Юридическая газета» басылымдары енді «Караван-Престиж» Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді «Алты Алаш» сауда нүктелерінен таба аласыз. Тел.: 87015728847.

Қызылорда облыстық соты мен ҚР Судьялар Одағының облыстық филиалы және Қызылорда облысы бойынша Соттар әкімшісінің ұжымы Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлының анасы

МЕРҒА.ШЕВА
Тілеулес Мұсабекқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Атырау облысының судьялар корпусы Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Мерғалиев Асламбек Амангелдіұлына анасы

МЕРҒА.ШЕВА
Тілеулес Мұсабекқызының дүниеден өтуіне байланысты отбасына түскен ауыр қайғыға ортақтасып, көңіл айтады.

Шығыс Қазақстан облыстық соты Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Асламбек Амангелдіұлы Мерғалиевке аяулы анасы

МЕРҒА.ШЕВА
Тілеулес Мұсабековнаның өмірден мезгілсіз өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық кеңесі және жергілікті соттардағы филиалдары Ақтөбе облыстық сотының төрағасы Асламбек Амангелдіұлы Мерғалиевке анасы

Тілеулес Мұсабекқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Круцкая көшесі, 61, кенес 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«KAIROS» ЖШ, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесінде қиылысы, «Алма» СО 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-32-22. E-mail: kafubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaily.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе. Ардан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мухаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе.Тел.: 8 (7172) 52-02-11
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3,55/133.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.
«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.
«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Қалмасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, бп 67 (Мехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы. e-mail: zan@mail.ru.
ЖК «SARA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan@mail.ru.
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА) директоры Қонивилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Ильев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банкінің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com
«Юридическая фирма «Консултант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.
«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел.: 87058762218.
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.
Жас Отар» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-99, ұялы тел.: 8 (777) 402-25-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажимаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна. ЖЖ «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Асықата кенті. 2019 жылғы кантардың алғашқы күндері. Орталықтағы сәулеті жарасқан кеңселердің бірі. Мұнда Мұқан бастаған төрт азамат жалға алған кеңседе күн сайын бас қосатын болған. Алды елуден, соны қырықтан асқан осы азаматтардың бір де біреуі білім маған.

Алғашқы сөзді Мұқан алды. – Әркім қолынан келген тірлігін жасайтын уақыт, – деп бастады ол сөзін. – Біз маңайымызда болып жатқан әділетсіздікке қарсы өз әдісімізбен күресуіміз керек. Сондықтан, ұйымымыздың атауын «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігі» деп заңды түрде тіркеттім.

Осыны айтты да, «Қалай, мұның дұрыс па?» дегендей, топ мүшелерін көзімен бір шолып шықты.

Өмірберген жасының үлкендігін пайдаланып, қасындағыларға сәл маңғаздана қарап:

– Атауы дұрыс таңдалған екен, – деп қойды.

Мұқан бұл сөзді мақұлдағандай иегін әнтек қағып, ишара жасап барып, сөзін ары қарай жалғады:

– Өмеке, жасың да, өмірлік тәжірибең де бізден гөрі басым. Сол себепті өзінді бірлестік төрағасы етіп сайлайық деп шештік.

Өмірбергеннің езуіне тоқ күлкі жүгірді. «Төраға» деген тәтті сөз әлдеқалай арқасына қанат бітіретіндей ме, қалай өзі?! Талай «Ұрым мен Қырымның» өткен куаық Мұқан сөзін жалғады:

– Аткарушы директор өзім. Ал сен, Мұрат, тексеру комиссиясының бастығысың. Операторлықты Сәлімге жүктегіміз.

Сәлім су жаңа директорға сұраулы жүзбен қарады. Бұны күткен Мұқан:

– Әлі талай адаммен кездесеміз, түрлі әңгіме жүреді. Соның барлығын таспаға түсіріп отыруымыз керек, – деді. – Интернетке де салуымызға жаппас емес.

Төртегі креслоға шалқая жайғасқан Мұқан терезе жаққа ойлана қарап біраз отырды да, Мұратқа қарата:

– Бірнеше ұйымның атауы көрсетілген қызыл түсті куәлік даярлау керек! Атауларын қазір өзіңе тізіп жазып беремін. «Ұрыста тұрыс жоқ», ең ұзағанда екі күннің ішінде әзір болуы тиіс! – деді әмірлі үнмен.

Арада екі күн өткенде топ мүшелері кеңседе жолықты. «Қызыл куәліктер дайын болыпты. «Тұтынушылар құқығын қорғау қоғамы» дейсіз бе, «Жемқорлықпен күрес департаментіне ықпалдасу» дейсіз бе, «Ақпараттық-құқықтық портал» дейсіз бе, әйтеуір, біраз ықпалды атаулар жазылған кәдімгі қып-қызыл куәліктер. Тіпті, «Заң және әділ сот» деген де куәлік бар.

Мұқан серіктеріне бір-бір құжаттан үлестіріп, атқарушы директор ретінде алғашқы міндетті қойды.

– Мынау Гүлстанда емшілікпен айналысып жүрген Лола деген әйел бар. Меніңше, қолында рұқсат қағазы жоқ. Алғашқы сапарымыз сол болсын. Ал, іске сәт, жігіттері! – деді.

Оңтүстікте наурыз енді ғана келіп, көк шығып, халық жадырай бастаған шақ. Сол халықтың «қамын жеген» топтың мүшелері төрт көзі түгел Лоланың үйіне сау ете түсті. Емші әйелдің ойында ештеңе жоқ, есік алдында жайбарақат жүр екен. Емшілік жасаған соң, келімді-кетімді кісі болады, алғашқыда аулаға кіріп келген соқталдай-соқталдай азаматтардан кіді алып қалғанымен, есін тез жиды.

– Ал, төрлетіңіздер! – деді баяу ғана.

Мұқан бипаздап жатпай, іске төтесінен кірісті. Қолындағы баспахана бояуы әлі кебе қоймаған су жаңа куәлігін шығарып, емшінің көз алдына жақын апарып, «құқық қорғау...» дегендей сөздерді жартылай жұтып айтты да, төс қалтасына қайта зытырды.

Мұқанның алғашқы сауалы:

– Лицензия бар ма? – болды.

Өздері таудай төрт жігіт есін жиғызар-жиғызбастан бірден шабуылдап бастаған сөзден қаймыққан емшінің аузына сөз түспей сасқалақтап қалды. Мұқан оңтайлы сәтті ұтымды пайдала-



нып, жанындағыларға «Міне, көрдіңдер ме, заңсыздық деген осы емес пе!» дегендей, қоқилана қарады да:

– Сіз білесіз бе, рұқсатсыз емшілік жасау заңмен қудаланады. Құзырлы органдарға арыз түсіреміз. Өзбекстанға «депорт» жасаған ерунда, ертең сотталып кетесің! – деді пышақтесі сөзім осы дегендей.

Сәлім бұл кезде қолындағы шағын бейнекамерасын қосып, түсірілімге қызу кірісіп кеткен. Лоланың түсі бұзылып, бетінен қаны қашты. «Әй, жігіттер, қойындар... Келісейік бірдеме етіп...», – деп күмілжі берді. Мұқанның да күткені осы еді. Емшінің есін жиғызбай бастырмалатып:

– Алаяқтық жасағаныңыз үшін қылмыстық жауапкершілікке тартқызымыз, егер бізді тыныш қойып, үндемей кетсін десен...», – деп, ұялы телефонына «150 мың» деп жазды.

– Мұндай ақшаны таба алар ма екенмін, – деді Лоланың дегбірі қашып.

– Өзің біл, – деді Мұқан. – Кейін ренжіме.

«Түркістандық төрттік» бұл жолы бос қайтты. Лола дөметкен ақшаларын тауып бере алмады. Оның үстіне көрші тұратын абысыны Меңгүл жағаласып келе қалмасы бар ма! Бірер күн күткен соң, Мұқан полицияға жасырын қоңырау шалып, Лоланың соңына салып қойды. Ондағысы «е, бәле, бұлардікі жай әншейін қокан-лоққы жасап кеткендік қой» деп ойлап қалмасын дегендік еді...

Алғашқы сәтсіздікке Мұқанның меселі қайтып, тауы шағғыла қоймады. Екі күн өтті ме, жоқ па, сыбайластарын алып, Атакенттегі Ташкент-Абай көшелерінің қиылысындағы «Stavkabet» букмекерлік кеңсесіне келді. Иесі Нұрбек деген жігіт. Ол да оңай шағылатын жаңғақ емес екен, «Кімсіңдер?!» деген сұрақты қымсынбай қойды. Өмірберген өзінің «төраға» екені есіне түсті де, түсін суытып, әмірлі дауыспен:

– Алаяқтықпен аяусыз күресетін «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігін естіп пе едің?! – деді кеуде қалтасынан қызыл куәлігін суыра беріп. – Біз солармыз. Барлық компьютерлерді өшіріп, іштегі адамдарды сыртқа шығаруыңды сұраймыз. Және қассанды тексеруге дайынды!

Сәлім де қызметінен жаңылмай, бейнеаппаратурасын қосып, маңайды түсіре бастады. Бұл жәйт басында өз-өзіне сенімді тұрған Нұрбекті психологиялық тұрғыдан «сындырды». Куәліктерін жалт-жұлт ашып-жауып, еркін қимылдап жүрген бейтаныс адамдардың сұсынан қаймығып, сыр беріп алды. «Құланның қасына мылтық басуын» деп таныған Мұқан:

– Кеңсенің құжаттарын алып кел, қаншалықты заңды жұмыс жасап жатқаныңды тексереміз, – деді сұсты дауыспен.

Нұрбек қипақтай бастады. Темірдің қызған кезі осы еді, мұны қалт жібермеген Мұқан:

– Ойынхана нормально жұмыс істеп тұрсын десен, бізге келіп жолықпайсың ба, шешіп береміз ғой, – деп екі саусағын бір-біріне тигізіп ым жасады.

Нұрбек әлі де бір шешімге келетін емес. Мұқан мынаның «білместігіне» ыза бола бастады.

– Мәселені шеше аласың ба, шеш! Шеше алмасаң, үстіңнен арыз жазып, жаптырамыз. Ал ойынхана бұрынғыша жұмыс істеп тұрсын десен, бірден төлеуің керек, – деп тұрасын айтты.

– Ойынхана ашардан бұрын бізден рұқсат сұрамайсың ба? – деді Өмірберген де сөз қыстырып.

Есін заматта жиып алған Нұрбек букмекерлік кеңсенің құжаттары дұрыс, бәрі заңды екенін айта бастады. Сәлім бейнекамерасын былай ысыра беріп:

– Құжаттарыңды кө...не тығып қой, мен сені құртамын, көзіңе көк шыбын үймелетемін, үйіңмен қосып бәріңді соттатамын, – деп баж-бұж етті.

Мұқан серіктеріне қарап:

– Өй, мынауың түкке түсінбейтін адам екен ғой! Ал, ендеше, өз обалың өзіңе! – деп жорға ашуланды. Сосын қалтасынан ұялы телефонын шығарып «102» нөмірін тере бастады.

Мына «төрттік» ақыры мысы басты ма, ойынхана иесі «Қазір, қазір, жігіттер...» деп асыға басып шығып кетіп, бір мезетте қолында үлкен көкқағаздың оны бар, кері оралды...

Мұқанның тобы оңай келген көк ақшаның буымен Шардара су қоймасының жағалауындағы тоғайлы алқаптан шым қыштарын тасымалдайтын кәсіпкер Аян Тілековтің жұмыс орнынан бір-ақ шықты.

Аян көліктеріне жүк тиетіп болып, енді ғана орнынан қозғалып келе жатыр екен. Алдынан шыққан бір топ жігіттің екінінен жасқанып, көлігін тоқтатып, жерге түсті.

– Иә, жігітім, мұның қалай? Біз табығатты қалай қорғаймыз деп, тұл ұйымды төрт бөліп жүреск, сенің мынауың не? Естіген шығарсың, біз «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігінің өкілдеріміз. Экологияны бұзғандармен аяусыз күресеміз, – деп Мұқан салған жерден шабуылға шықты.

– Сен білесің бе, Табығатты қорғау кодексіне сәйкес салынатын айыппұлға шашын да жетпейді, – деді Мұрат та картинаны қоюлата түсіп. – Қазір бірлестіктің атынан полицияға, басқа да орындарға акт толтырамыз. Жүк көліктерінді айыпшұраққа қаматамыз!

Аян алғашқыда саса қоймады.

– Ау, жігіттер, мен бұл жерден жеті жыл болды шым қыш тасып жүргеніме. Біреу келіп мұны заңсыз деген емес, – деп бастап еді, Мұқан мұны жекелеп былай-ырақ алып шығып:

– Ай сайын елу мың теңге беріп тұрсаң болды, сені бізден басқа ешкім мазааламайды, – деп тұрасына көшті.

«Бәледен машайық қашыпты» дегенді жүк санаған Аян бұған көп ойланбастан келісті.

Шым қыш демекші, жалғыз Аян емес, «түркістандық төрттік» Шардара су қоймасының жағалауынан нәсіп айырып жүрген тағы да екі-үш кәсіпкерді «табығат жанашырымыз, экологияны қорғаймыз» деген ертегі айтып, қорқы-

тып-үркітіп, екі-үш бойы ай сайын «салық» салып отырған.

Оқиғадан оза айтсақ, тап осы «Мақтарал Барс» ЖШС-нің директоры Теңдіков, тағы бір Өмірбеков деген кәсіпкер ай сайынғы бопсаға шыдай алмай, сол жылдың қазан айының басында Жетісай аудандық полиция бөліміне арызданып, бопсалаушы қылмыстық топтың мүшелерін «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігінің кеңсесінің жанында Теңдіковтен 100 мың теңге алу барысында полиция қызметкерлері құрықтайды...

Айналасы бірер айдың ішінде әділет жолында аяусыз күрескен «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігінің дақпырты халық арасына тарай бастады. Тіпті, әділет іздеген адамдардың алғашқы тобы Асықатаның ортасындағы кеңсеге де келе бастады. Соның бірі – Ұлжан деген әйел еді. Ол Жетісай қаласындағы кәсіптік колледждің директоры Думан Кенжиннің үстінен арыз айта келіпті. Айтуынша, қылмысы бастан асады екен. «Іздегенге – сұраған» деген осы! Бұл 2019 жылдың 13 маусымы болатын.

Мұқанның тобы ертесінде-ақ колледж директорының есігін қағып тұрды. Мұқан мен Өмірберген директордың кабинетіне кіріп, салған жерден Ұлжанның арызын Кенжиннің алдына тастады.

– Біз мына арызды жоғары жаққа, білім департаментіне, «антикорға» жазып, сені қудалаймыз, бізді тыныш қойсын десен, айтқанымызға көніп, келісімге келесің, – деп Мұқан ә дегеннен тізгінді қолына алды.

Кенжин бұлжаққа салып көріп еді, тас кенедей жабысқан «төрттік» бопсасына шыдай алмады. Екі күннен кейін Мұқанның офисіне өзі келіп, мәселені «бірлесіп» талқылайтын болып келісті. Межелі мерзім өте сала, Кенжин қоғамдық бірлестіктің офисіне жетті. «Жемқорлықпен күрескіш» төрттік колледж директорын жан-жақтан қыспаққа алды. Табеттері де керемет болып шықты. Арыз иесі Ұлжанды тыныштандыру үшін, жалпы, Кенжинді енді қайтып ешкім мазааламас үшін 1 миллион теңге беруін керек дегенде, директор шалқасынан түсе жаздады. Берейін десе – өте үлкен сома, бермейін десе – жан яки қызмет тәтті. Кенжин бұл кездесуден сүлдері құрып, салы суға кетіп, салпынып қайтты. Ертеңінде бар жиған 600 мың теңгені қылмың қаққан «оператор» Сәлімнің қалтасына салып берді. Қалтасы бірден қампқан Сәлім бөгелместен Мұқанға соғып, екеуі Өмірбергеннің үйіне келіп, олжаны бөліске салды.

Уа, бұл құлқын шіркінде тоқтау деген сірә де жоқ шығар! Көңіл тоқ, шай ішіп отырып, Мұқан мен Өмірберген бұл не тірлік, кем дегенде тағы екі жүз мың теңге алмасақ болмайды деген тоқтамаға келді. Көп бөгелместен, Кенжинге хабарласып, уәждерін жеткізді. «Дүке, бұл болмайтын тірлік, давай тағы екі жүз мың гони!» – десті.

Басы ойламаған жерден шығарлаңға түскен колледж директоры бопсаға шыдар

дәрмен жоқ, амалсыз қолдағы сиырын саптып, жетпей тұрған соманы жинап, «төрттік» қалтасына жөнкілтуге мәжбүр болды.

Сол жылғы шілде айының басы. Бұған дейін «тірлік жасау» жолында азы-көпті оңай ақшаны жамбасына басып дөңдеген төртеу кеңседен сәске кезінде шықты. Беталыстары – Мақтарал ауданы, Достық ауылдық округінің Қалшораев елді мекені. Мұнда «Таймас» сотрану» фирмасы мемлекеттік сатып алу конкурсы арқылы тендер алып, мектеп құрылысын жүргізіп жатыр. Құрылысқа басшылық жасап жүрген жабдықтаушы Әсілбеков осында екен. Мұқан мен Өмірберген құрылыс нысанының жоспарын, келісімшартын және басқа да құжаттарын тексеруге кірісті. Сәлім болса, иығындағы асай-мүсейін шешіп, нысанды бейне камераға түсіре бастады.

– Мынау не бассыздық! – деді Мұқан Әсілбековтің көзіне шұқығандай етіп. – Осындай да жұмыс бола ма екен?! Сапа қайда?

– Бұлардың мына жұмысын әлеуметтік желіге салмаса болмайды! – деп Өмірберген де екінші жақтан сөзбен шабуылға шықты.

– Құзырлы органдарға арыз түсіреміз, мынадай сапасыз жұмысты тоқтатамыз! – деп Мұрат та серіктерінің ауыр «атакасын» нығарлай түсті.

Әсілбеков мынандай қыспақ пен қысымға шыдай алмай, біресе сұрланып, біресе ағарды. Бұны әбден «даярлап» барып, Мұқан:

– 500 мың теңге берсеңдер, бәрі «ок» болады! – деп қойып қалды.

Сол күні кешкісін Әсілбеков Жетісай қаласындағы «Заңғар» кафеіне келіп, төрттікпен тағы да кездесті. Мұқан салған жерден:

– Ақшаны әкелдің бе?! – деді.

«Оператор» Сәлім ұялы телефонына «500 000» дегенді жазып Әсілбековке тағы көрсетті. Бірақ Әсілбеков ақша әкелмеді. Фирма басшыларымен кеңесе келе, ақша беруге болмайды деген тоқтама жасап, осыны айтуға келіпті. Ертесінде «Таймас» сотрану» фирмасының үстінен арыз құрастырған «төрттік» тиісті орындарды шабуылдауға кірісті...

Дегенмен, «түркістандық төрттік» де тұтылатын кезі келді. (Бұл әңгімеде олардың басқа да ондаған қылмыстық сипаттағы алдау-арбау эпизодтарын келтіріп жатпадық). «Арамзаның көзі ойнақы, өтірікшінің сөзі ойнақы» демекші, бопсалап ақша алып жатқан жерлерінде қолға түсті. Қылмыс дәлелденді. Топтың бейресми жетекшісі Мұқан сот алдындағы жауабында тек қана жеке тұлғалардың құқығын қорғап, оларға көмек бергенін, ешкімнен ақша талап етпегенін, ешкімді қорқытпағанын, жәбірленушілер өз еркімен «фракет» ретінде ақшаны беріп тұрғандарын айтып бақты. Қалған үшеуі де осыған ұқсас жауап берді.

Сот болса, сотталушылардың, жәбірленушілердің, куәлердің жауаптарына, іске тіркелген құжаттарға әділ бағасын беріп, сотталушылардың қылмыстық іс-әрекеттері дәйекті деректермен дәлелденген деп есептеді. Түркістан облысы Әділет департаментінің мәліметіне сай, «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігіне сотталушылардың ешқайсысы тіркелмеген. Сотталушылар формальды түрде өздерінің туыстары мен көршілерін мүше ретінде тіркегендігі анықталды. Яғни, ұйымдасқан топ қылмыстық әрекеттерін жасыру, сондай-ақ «заңды» екенін көрсету үшін, формальды түрде «Түркістан-2030» қоғамдық бірлестігін ашып, бірлестік атын жамалып, өздерінің теріс мақсатын жүзеге асырған.

Сот үкімімен топ жетекшісі Мұқан он жылға, топтың қалған мүшелері сегіз жылдан бас бостандықтарынан айыру жазасына кесілді.

PS. Әңгімені жазу барысында Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2020 жылғы 24 тамызда төрағалық етуші судья Д.Мадалиев қараған іс негізге алынды.

Сайлау ТӨЛЕУОВ, СЕМЕЙ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор

Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:

«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»

ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жаная Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақжан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.
Шығыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Талғатжан Мұхамдиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді. **Жеке таралым 8019 дана** **Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №172 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31